



РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИН ҚАЗАҚСТАНҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманды елорда әуежайында қарсы алды.

Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына қонғанға дейін Ресей Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдаса ұшты.

Ұшақ трапының алдында Құрмет қарауылы ротасы сап түзеді.

Владимир Путин мен ресми делегация мүшелеріне екі елдің жалаушаларын ұстаған балалар,



Махамбет Өтемісов атындағы Оқушылар сарайының барабаншылары қошемет көрсетті.

Одан кейін Қазақстан мен Ресей туларын желбіреткен тікұшақтар алаң үстімен ұшып өтті.

Әуежай терминалында әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының домбырашылар ансамблі және сырнайшы, халықаралық конкурстардың лауреаты Радмир Хайбуллин Ресей мемлекеті басшысының құрметіне Құрманғазы күйлері мен орыс халық әуендерінен поурри орындады.

• Президент Жарлығын жүзеге асыру аясында

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 12 мамыр күні қол қойылған Жарлығы шеңберінде орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект енгізу мәселесі қаралды.

«Бұл — өте маңызды құжат. Президенттің барлық тапсырмасын уақтылы әрі сапалы орындау қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жұлдыз Сүлейменова Мемлекет басшысының білім беру процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Министрлік тиісті жұмыстар бастағанын баяндады.

Бірінші. 2026–2029 жылдарға арналған орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Құжат белгіленген тәртіппен Үкіметке енгізіледі.

Кешенді жоспарда мектептердің цифрлық және инфрақұрылымдық дайындығын дамыту; педагог кадрларды даярлау; білім беру процесінде AI-шешімдерді қолдану көзделген.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп пилоттық жобаға қатысуға дайын 500 мектептің тізімі қалыптастырылды, оның ішінде 250 шағын жинақты мектеп; 150 жалпы білім беретін мектеп; 100 «Келешек мектептері».

Қазіргі таңда мектептердің цифрлық инфрақұрылымына, жоғары жылдамдықты интернет сапасына, компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуіне, кадрлық әлеуетке және білім беру ұйымдарының AI-шешімдерді енгізуге дайындығына талдау жүргізілді.

Екінші. Педагогтерді даярлау. Бүгінде 350 мыңнан астам педагог оқу процесінде жасанды интеллектіні тиімді қолдану бойынша арнайы оқытудан өтті. Сонымен қатар OpenAI компаниясының GPT-edu платформасын пайдалану үшін 100 мың педагогқа лицензия берілді. Қазіргі таңда мұғалімдер жасанды интеллектіні оқу процесінде белсенді қолданып, оқу контентін бейімдеп тиімді пайдалануда.

Қосымша ретінде, жазғы кезеңде

Премьер-министр Оқу-ағарту министрлігі жұмысына назар аударды



пилоттық мектептердің педагогтерін цифрлық педагогика, заманауи оқыту әдістемелері және білім беру процесінде AI-құралдарын практикалық тұрғыда қолдану бағыттары бойынша кезең-кезеңімен оқыту жоспарлануда. Бұл бастамалар педагогтердің цифрлық құзыреттерін арттыруға, оқыту сапасын жетілдіруге және білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды тиімді енгізуге мүмкіндік береді.

Үшінші. Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес мүшесі Кай-Фуд Лидың ұсынымдарын ескере отырып, білім беру процесіне AI-шешімдерді енгізу бойынша жеке жобаны іске асыру жоспарлануда.

I кезең (2026 жылғы 1 қыркүйек – 26 қазан):

- қазақ және орыс тілдерінде оқытатын 10 шағын жинақты пилоттық мектепте жобаны іске қосу;

- пилоттық өңірлер ретінде Қызылорда және Павлодар облыстары айқындалды;

- апробация 4-сыныптарда «Ана тілі», «Математика», «Цифрлық сауаттылық» және «Жасанды интеллект» пәндері

бойынша жүргізіледі.

II кезең (2026 жылғы 3 қараша – 23 желтоқсан): пилотты 50 мектепке дейін кеңейту.

III кезең (2027 жылғы 8 қаңтар – 24 мамыр): қосымша тағы 300 мектепті қамту.

Төртінші. Сонымен бірге, дербестендірілген оқытуды, бейімделген тапсырмаларды әзірлеуді, білім нәтижелерін нақты уақыт режимінде талдауды және білім алушылардың оқу олқылықтарын уақтылы анықтауды қамтамасыз ететін ұлттық AI-білім беру платформасы енгізілетін болады.

Бесінші. Кешенді жоспардың жеке бөлімі цифрлық қауіпсіздік пен жасанды интеллектіні қауіпсіз қолдану мәселелеріне арналған.

Білім беруде жасанды интеллектіні қолдану стандарттарын, академиялық адалдық тетіктерін, балалардың дербес деректерін қорғауды, сондай-ақ цифрлық білім беру контентіне міндетті сараптама жүргізу жүйесін енгізу көзделуде.

Отырыс барысында балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды.

Премьер-министр Оқу-ағарту, Ішкі істер және Ақпарат министрліктері балаларды интернет-алаңсыздықтан, буллингтен, құқыққа қайшы контенттен және өзге де деструктивті әсерден қорғау бойынша профилактикалық жұмысты күшейтуі қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ Олжас Бектенов жазғы маусымда жаңа Конституцияны және ЖИ негіздерін практикалық тұрғыда зерделеуге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

«Балалармен және жасөспірімдермен тәрбие жұмысының маңызына ерекше көңіл бөлу керек. Жаз маусымында жаңа Конституция мен жасанды интеллект негіздерін білім беру жүйесінде оқытуға арналған барлық оқу бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу жұмыстарын аяқтау қажет», — деп атап өтті Премьер-министр.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға бекітілді.

Жетісу облысында «Қойтас» экопаркінің құрылысы жалғасуда

Жетісу облысында «Қойтас» экопаркінің құрылысы жүріп жатыр. Бұл бірегей нысанды салу барысында табиғи ландшафты толық сақталып, аумағына ағаштар отырғызылды, «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи паркі аумағындағы флора мен фаунаны бейнелейтін жануарлар мүсіндері орнатылды. Еске салсақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Талдықорған және Текелі қалаларында тағы екі экопарк салынуда, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

2022 жылы құрылған парктің аумағын 6 гектардан 15-20 гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттама дайындалуда. Экопарк салу жұмыстары 2027 жылы толық аяқталады деп жоспарланған.

Қазіргі таңда кезең-кезеңімен абаттандырылып жатқан жасыл аймақ аудан тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналды.

Парктің кіреберісінде «Денсаулық» жағалауы салынды. Өзен бойымен оң және сол бағытта жалпы ұзындығы шамамен бір шақырым болатын жаяу жүргіншілер жолы төселген. Сондай-ақ саябақ аумағы толық жарықтандырылған, келушілерге қолайлы болу үшін жаяу жүргінші жолы төселген, ал серуендеу аймағында орындықтар мен қоқысқа арналған урналар қойылды, бейнебақылау жүйесі орнатылған.

Экопарк аумағында отбасылық демалыс үшін қолайлы жағдай жасалған. Мұнда футбол алаңы, скейтборд алаңы, воркаут аймағы, шағын теннис корты, сол сияқты екі балалар ойын алаңы бар. Сондай-ақ ашық аспан астындағы кинотеатр, беседкалар мен субұрқақ орнатылған, оған қоса ұлттық аспаптар, жануарлар және ұлттық спорт түрлеріне байланысты түрлі 15 мүсін мен шағын сәулеттік нысандар қойылған.

Бұдан бөлек, саябақ пен Жоңғар Алатауы тауларының көрінісі ашылатын екі шолу алаңы жасалған, 400 орындық амфитеатр, серуендеу аллеясы бар. Шолу алаңының біреуін таулар аясындағы фотоаймақ ретінде де қолдануға болады. Мәдени көпшілік шаралар өткізуге арналған ашық аспан астындағы сахна қойылған.

Сонымен қатар экопаркте қайық стансысы, тыныш демалу аймағы, өзен жағасындағы шахмат ойын алаңы, жалаңаяқ серуендеуге арналған соқпақ, өздігінен демалатын орын қарастырылған.

Көгалдандыруға көп көңіл бөлінеді. Паркте көгілдір шырша, қарағай, туя



секілді әртүрлі 1600-ден астам ағаш пен бұта отырғызылған, тамшылатып суару жүйесі бар. Атап өтсек, саябақта «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи паркі аумағында өсетін өсімдіктер отырғызу,

— Бала кезімізде осы үлкен ақ тастарды тамашалау үшін өзен жағасына серуендеуге келетінбіз. Ата-аналарымыз мұнда қонақтарды да ертіп келетін. Бұл тастарға қатысты көптеген аңыздар мен қызықты оқиғалар айтылатын. Олардың тарихы шамамен бір ғасырға жуық дейді. Қазір бұл жердің заман талабына сай абаттандырылып, сонымен қатар табиғи ерекшелігі мен ландшафтының сақталғаны қуантады. Осылайша ерекше, бірегей әрі әсем экопарк пайда болды. Бүгінде бұл — қала тұрғындарының мақтанышына айналған орын, — деді ол.

Атап өтсек, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында биыл Талдықорған және Текелі қалаларында тағы екі экопарк ашылады. Облыс орталығынан 3 шақырым жерде орналасқан, аумағы 38 гектарды құрайтын «Тасбақа» экопаркі қала тұрғындары мен қонақтарының бір күндік демалысына, сондай-ақ демалыс күндерін пайдалы өткізуге қолайлы орын болмақ. Ал аумағы 21 гектар болатын «Серкесай» экопаркі Текелі қаласының маңында орналасқан. Әсем табиғатымен танымал бұл орын белсенді және отбасылық демалысқа өте ыңғайлы.

Жетісу облысында жүзеге асырылып жатқан үш экопарк жобасы табиғи ландшафты сақтауға, жайлы орта қалыптастыруға, тұрғындар демалысының сапасын арттыруға бағытталған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілшілер: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев, Олжас Құрмашев, Қанат Байдрақымов.



сол жерде мекендейтін жануарлардың мүсіндерін орнату жұмыстары жалғасуда. Қазіргі таңда қар барысы мен арқардың мүсіндері қойылған. Сонымен қатар Сивер алмасының көшеттерін отырғызу жоспарланып отыр.

Алдағы жоспарларда өзен жағалауы бойымен серуен аймағын салу, қайықпен серуендеуге мүмкіндік жасау, жаяу көзделген.

Сарқан қаласының тұрғыны Айзада Бекетқызы экопарк туралы өз әсерімен бөлісті:



Жетісу облысында «BIKEN FEST» IV Халықаралық театр фестивалі басталды. Фестивальға биыл Түркия, Грузия, Өзбекстан мемлекеттерінен және ел аймақтарынан 8 театр қатысып отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен Талдықорғандағы Бикен Римова атындағы академиялық драма театры ғимаратының алдында фестивальға қатысушы театрлардың шеруі ұйымдастырылды. Мұнан соң театр ғимаратының залында фестиваль күнделігінен естелік бейнежазба көрсетілді.

Салтанатты шараны құттықтау сөзімен ашқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов дәстүрлі театр мерекесінің Жетісу өңірінде осымен төртінші жыл қатарынан өткізіліп отырғанын айтты.

— Қадірлі қонақтармен қатысушылар, жер жәннаты Жетісуға қош келдіңіздер! «BIKEN FEST» фестивалі алғаш рет 2023 жылы Қазақстанның Халық өртісі Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып, Жетісу өңірінің мәдени имиджін

«BIKEN FEST» IV Халықаралық театр фестивалі басталды

нығайтатын маңызды жобаға айналды. Осы 4 жыл ішінде бұл іс-шараға 6 мемлекеттен және еліміздің өңірлерінен барлығы 36 театр қатысты. Биыл да осы фестивальға арнайы шетелден және елімізден 8 театр келіп отыр. Барша театр ұжымдарын облыс әкімінің атынан құттықтап, шығармашылық табыс тілеймін! Өнеріміз өркендей берсін! — деді ол.

Мұнан соң көрермендерге Д.Рақышев атындағы облыстық филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің концерті ұсынылды.

Театр фестивалі туралы қазылар алқасының төрағасы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек пікірін білдірді:

— Елімізде өтетін осындай оншақты

театр фестивалі бар. Олардың бәрі де қазақ сахна өнерінің өсіп-жетілуіне септігін тигізіп жатыр. Соның бірі үзілмей жыл сайын Жетісу жерінде өткізіліп отырғаны бізді қуантады. Бұл тек кәсіби сахнагерлерге ғана емес, көрермендер үшін де қызық шара деп ойлаймын. Себебі кез келген көрерменнің Түркияға, Грузияға барып, спектакль көріп қайтуға мүмкіндігі бола бермейді. Оған қоса ұлттық өнерді дамыту деген бір шеңберде қалу емес, ол мәдени алмасулар, рухани байланыстар арқылы толығы түседі, тәжірибе алмасу арқылы өсіп-жетіліп отырады, — деді ол.

Сол сияқты Грузияның Батуми қаласынан келген театр ұжымының өкілдері де ой қосты.

— Біз Қазақстанға тұңғыш рет келіп отырмыз. Ертең «Джазда тек қана қыздар» атты музыкалық қойлымын сахналай-

мыз. Жалпы театр ұжымынан 40-тан астам, соның ішінде 19 актер келдік. Бір атап өтерлігі, ертең 26 мамыр Грузияның тәуелсіздік күні мерекесі. Соған орай ертең жетісулық көрерменге өнер көрсетеміз, яғни ертең біз үшін мерекелік қуаныш еселене түседі, — деді И. Чавчавадзе атындағы Батуми мемлекеттік драма театрының актері Леван Тедорадзе.

Атап өтсек, «BIKEN FEST» IV Халықаралық театр фестивалі 29 мамырға дейін жалғасады. Бес күн бойы театр сахнасында Түркияның Painted bird театры, Өзбекстанның Қашқадария облыстық музыкалық драма театры, Грузияның И. Чавчавадзе атындағы Батуми мемлекеттік драма театры, Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры, Жастар театры, Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры, Түркістан музыкалық драма театры, Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театры өнер көрсетеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілші: Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Жетісу облысында Шаған тауының етегінде таулы туризмді дамытуға бағытталған «Shagan Fest 2026» ірі спорттық-экологиялық фестивалі ұйымдастырылды. Фестиваль аясында белсенді демалысты ұнататын қауым мен спортшылар 2551 метр биіктікке жаппай көтерілді. Іс-шараны облыстық туризм басқармасы мен «Visit Zhetysu» туристік-ақпараттық орталығы ұйымдастырды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шыңға көтерілу басталар алдында қатысушыларды Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құттықтады: – Облыс әкімінің атынан «Shagan Fest» фестивалінің барлық қатысушыларына қош келдіңіздер деймін! Жетісу өңірінде үшінші жыл қатарынан өткізіліп отырған бұл фестиваль тау және экологиялық туризм мәдениетін дамытуға, адамның табиғатпен байланысын нығайтуға әрі салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Бағыт ұзақ болғанымен, маршрут тәжірибелі спортшыларға да, балалы отбасыларға да қолайлы. Осындай шараларға бірге қатысу ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтады. Сондықтан бұл – жай ғана табиғат аясындағы белсенді демалыс емес, бірлік пен достықтың символы. Баршаңызға жаңа белестерді бағындыруда сәттілік тілеймін! Туған жеріміздің әсем табиғатын тамашалап, оны аялай білейік және еліміздің нағыз патриоттары болайық! – деді ол.

Фестиваль қатысушылары Көксу ауданының Ақтекше ауылы маңындағы теңіз деңгейінен 2551 метр биіктікте

Тау туризмін дамыту: Жетісуға «Shagan Fest 2026» ауқымды спорттық-экологиялық фестивалі өтті



орналасқан Шаған шыңына жол тартты. Шыңға апаратын бағыт өңірдегі ең көркем trekking маршруттарының бірі саналады. Жалпы ұзындығы шамамен 13 шақырым. Қашықтығына қарамастан, бұл бағыт салыстырмалы түрде жеңіл, сондықтан оны тек тәжірибелі туристер ғана емес, белсенді демалысты ұнататын балалар мен аға буын өкілдері де бағындыра алады.

Таудың таңғы таза ауасы, көкжиекке созылған жоталар мен биіктеген сайын



ашылатын панорамалық әсем көріністер қатысушыларға ерекше еркіндік пен рухани серпіліс берді. Ал мәреге жетіп, шың басына көтерілген барлық қатысушыларға арнайы медаль табысталды. Сонымен қатар ашық аспан астында караоке алаңы мен арнайы фотозоналар жұмыс істеді.

Фестивальге қатысушылар өз әсерлерін жеткізді. Солардың бірі – Ескелді ауданынан келген спорт ардагері, «Temiradam» атағының бес дүркін иегері Бақытжан Бектенов:

– Бұл – нағыз тау туризмінің мерекесі әрі салауатты өмір салтын насихаттаудың жарқын үлгісі. Белсенді болыңыздар, тауға шығып, денсаулықтарыңызды нығайтыңыздар, қасиетті Жетісу жерінің табиғатын аялаңыздар. Кез келген шыңды бағындырудың өзіндік мәні бар: бүгінгі көтерілу әр адамды жаңа өмірлік белестеріне бастайды, – деді Бақытжан Байтайұлы.

Шаған шыңына алғаш рет көтерілген талдықорғандық Ирина Аксенова фестивальге қатысу өзі үшін үлкен жаңалық болғанын айтты.

– Біз құрбыларымызбен бірге фитнес-студияда жаттығамыз. Сол жерде бізге осы тауға көтерілуге қатысу туралы ұсыныс айтылды. Әрине, бірден келістік – бұл біз үшін өте қызықты әрі ерекше тәжірибе. Ұйымдастырушылар қатысушыларға қауіпсіздік шаралары мен таулы аймақта өзін ұстау ережелерін түсіндіріп, арнайы нұсқаулық өткізді. Фестивальге қатысып, шынды бағындырғаннан алған әсеріміз ерекше, – деді ол.

Оның пікірін Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы Андрей Герман да қолдайды:

– Бұл жерге екінші рет көтеріліп отырмын. Алғаш рет мұнда үш жыл бұрын келгенмін. Бұған дейін Алматы марафонына қатысып, 10 шақырым жүгіріп өттім. Мұның бәрі денсаулық пен жақсы көңіл-күйге пайдалы. Фестивальдегі атмосфера да ерекше. Бүгін бұл шараға бауырым, әпкем, достарым бәріміз бірге қатыстық. Өзімнің таныс адамдарды кездестіргеніме өте қуаныштымын, – деді ол.

Сонымен қатар фестивальге туристік ұйымдар мен клубтардың өкілдері де белсенді қатысты. Атап айтқанда, «Истоки» туристік клубы мен «Жоңғария» туристер клубының 50-ден астам тәрбиеленушісі шараға атсалысты.

Фестивальдің соңында «Жетісу жастары» КММ директорының міндетін атқарушы Арнай Байжұрынов бастаған волонтерлер мен эко-белсенділер кездесуі өтті.

– Бүгін біз ерекше миссия атқарып, фестиваль аяқталғаннан соң волонтерлермен бірге экологиялық акция өткізіп, аумақтағы қоқысты жинап, сыртқа шығарамыз. Осындай іс-шаралардан кейін табиғаттың таза күйінде сақталуы өте маңызды. Біз таза экологияны қолдаймыз! – деді Арнай Рақымберліұлы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Shagan Fest 2026» фестивалі Жетісудың табиғи мұрасын насихаттап, ішкі туризмді дамытуға бағытталған маңызды жоба ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді. Сонымен қатар фестиваль белсенді демалыс әуесқойларын біріктіріп қана қоймай, табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастырып, салауатты өмір салтын дәріптеуге де үлес қосты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсіргендер:
Карина ЗАКРИЕВА,
Қанат ӨМІРӘЛИНОВ,
Абай СҰРАКБАЕВ.



Өткен аптада Сарқан ауданының Лепсі ауылында жаңа жабық үлгідегі заманауи стадионның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл осымен аудан аумағында пайдалануға берілген үшінші жабық спорт нысаны.

Салтанатты шараға Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев қатысып, ауыл тұрғындарын айтулы оқиғамен құттықтады. Аудан басшысы өз сөзінде спорт инфрақұрылымын дамыту – өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтып, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұқаралық спортты дамыту мен ауыл тұрғындарына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар ауданымызда кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Бүгінгі ашылып отырған заманауи стадион – сол жүйелі істің нақты нәтижесі. Бұл нысан ауыл жастарының спортпен тұрақты айналысуына үлкен мүмкіндік береді, – деді аудан әкімі.

Аумағы 24x50 метрді құрайтын

спорт нысаны арнайы темір конструкциялармен құрастырылып, заманауи жабынмен жабылған. Стадион ішінде киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған және жасанды газон төселген. Жабық үлгідегі кешен жыл он екі ай спортпен, әсіресе футболмен тұрақты шұғылдануға толық мүмкіндік береді.

Стадионның ашылу салтанаты аймақтық мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған шағын футбол турниріне ұласты. Жас спортшылар жаңа алаңда өзара бақ сынап, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Өз тілшіміз.

ЗАМАНАУИ ЖАБЫҚ СТАДИОН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ



ӨНІРДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТАНЫП КЕЛЕДІ

Жетісу облысында сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарының нәтижелері бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар саны азайғаны байқалады. Биылғы есептік кезеңде СДТБТ-да (сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі) 1011 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 10,4 пайызға төмендеген.

Тіркелген қылмыстық істердің басым бөлігі Талдықорған қаласында анықталған. Мұнда 440 дерек тіркелсе, Панфилов ауданында – 102, Алакөл ауданында – 72 қылмыс есепке алынған.

Қылмыстар санаттары бойынша жүргізілген талдау да оң өзгерістерді көрсетеді. Ауырлығы орташа қылмыстар саны 16,1 пайызға азайып, 440-тан 369-ға дейін төмендеген. Сонымен қатар онша ауыр емес қылмыстар да 13,3 пайызға кеміп, 195-тен 169-ға дейін қысқарған.

Дегенмен, кейбір санаттар бойынша өсім тіркеліп отыр. Аса ауыр қылмыстар 12,5 пайызға өсіп, 16-дан 18-ге жеткен. Сондай-ақ ауыр қылмыстар саны 3,9 пайызға артып, 282-ден 293-ке дейін көбейген. Мамандардың айтуынша, ауыр қылмыстардың өсуі Талдықорған қаласынан бөлек, Кербұлақ және Көксу аудандарында да байқалған.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, қылмыстардың ашылу деңгейі 74,4 пайызды құрады. Оның ішінде аса ауыр қылмыстар толық ашылып, көрсеткіш 100 пайызға жеткен. Ауыр қылмыстардың ашылуы – 79,1 пайыз, ауырлығы орташа қылмыстар – 64,2 пайыз, ал онша ауыр емес қылмыстар бойынша 81,3 пайыздық нәтиже көрсетілген.

Жалпы, статистикалық мәліметтер өңірдегі криминогендік ахуалдың біршама тұрақтанғанын аңғартады. Сонымен қатар құқық қорғау органдары ауыр және аса ауыр қылмыстардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейтуді жалғастыруда.

М.СЕРІКЖАН,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің аға прокуроры.

«Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан!» акциясы



Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары мен қонақтары 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне ойластырылған іс-шаралар шеңберінде ағымдағы жылдың 18- мамыр мен 8-маусым аралығында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан!» атты акциясы өткізілуде.

Акцияның мақсаты : отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, сыйластық қағидаттарын насихаттау, отбасында бір-біріне көмек көрсету. Зорлық-зомбылық фактілерінің алдын-алу, сонымен қатар балалардың өмірі мен денсаулығына ауыр зардаптардың алдын алу, олар үшін қауіпсіз ортаны қалыптастыру!



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСТЫ 136 ШАҒЫМ ТҮСТІ

2026 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БЕРІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСТЫ 136 ШАҒЫМ ТҮСКЕН.



Қор филиалының мәліметінше, қызмет көрсету «осында және қазір» қағидаты бойынша ұйымдастырылған — ұзақ күтсүз әрі артық бюрократиясыз.

Егер пациентте дәрігерге жазылу, қызмет көрсету сапасы, медициналық көмектен бас тарту мәселелері бойынша сұрақтар туындаса немесе емдеу бойынша түсіндіру қажет болса, мамандар жағдайды жоғары тұрған органдардың қарауына жеткізбей-ақ, мәселені тікелей медициналық ұйым деңгейінде реттеуге көмектеседі.

Сонымен қатар, өтініштердің жартысынан көбі — 100 шағым — кейіннен өтініш иелерінің өздері тарапынан кері қайтарылған. Көп жағдайда мәселелер медициналық ұйымдардың Пациенттерді қолдау қызметі деңгейінде немесе медицина қызметкерлерінің қосымша түсіндіру жұмыстарынан кейін шешімін тапқан.

Пациенттер көбіне неге шағымданады?

Жыл сайын Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалына ТМҚКК және МӘМС аясында көмек көрсететін медициналық ұйымдарға қатысты өтініштер мен шағымдар түседі.

Өтініштердің басым бөлігі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдарға қатысты.

Шағымдардың негізгі себептері: 45 өтініш медициналық қызметтердің сапасыз көрсетілуіне байланысты; 42 өтініш медициналық көмек көрсе-туден бас тартуға қатысты; 16 жағдайда ТМҚКК және МӘМС аясында дәрі-дәрмекпен уақтылы қамтамасыз етпеу мәселесі көтерілген; 33 өтініш медицина қызметкерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігіне қатысты.

Қайда жүгінуге болады?

Әрбір емханада жұмыс істейтін Пациенттерді қолдау қызметіне (бұдан әрі — ПҚК) жүгінуге болады.

Тұрғындар өтініштер мен шағымдарды келесі арналар арқылы жолдай алады: msqorg.kz сайты; Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы.

Сондай-ақ медициналық көмек алу мәселелері бойынша кеңесті: 1414 байланыс орталығы арқылы; Жетісу облысы бойынша Қор филиалының 8 (7282) 50-90-08, 55-90-06, 55-90-13 нөмірлері арқылы алуға болады.

Қор өкілдерінің мәліметінше, цифрлық сервистер арқылы түскен өтініштер бес жұмыс күні ішінде қаралады. Өтініш иелеріне SMS немесе электрондық пошта арқылы кері байланыс беріледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алу жолдары

Жіті ішек инфекциясы - ас қорыту жолдарын зақымдайтын инфекциялық аурулар тобы. Жіті ішек инфекциясының қоздырғыштары сыртқы ортаға өте төзімді және ұзақ уақыт топырақта, суда, сондай-ақ қасық, тәрелке, есіктің тұтқасы, ойыншық және т.б. заттарда сақталуы мүмкін. Микробтар суда, сүтте, сүт өнімдерінде, салаттарда және басқа да тез бұзылатын азық-түліктерде көбейеді.

Жіті ішек инфекцияларының қоздырғыштары адам ағзасына қалай түседі?

Біріншіден, лас қол, лас су және микроб түскен азық-түлік, жуылмаған жеміс-жидектер, науқас пайдаланған заттар арқылы (ыдыс, киім-кешек, төсек-орын, жеке басының құралдары) жұғады.

Құрамында қоздырғышы бар, қайнатылмаған тағамдарды пайдалану арқылы (сүт және сүт тағамдары, салаттар, паштет, тоңба (холодец)) жаппай дизентерия ауруына ұшырау қаупі бар.

Жіті ішек ауруымен ауырған науқасты күту кезінде және ластанған сумен қол жуғанда, жеке басының

тазалығын сақтамағанда қолға аурудың қоздырғышы қонады.

Қазіргі уақытта ішек ауруларының көбі тағаммен байланысты және де олардың саны жаз-күз мезгілдерінде артады, себебі бұл уақыттарда жеміс-жидектер көп қолданылады.

Бұл аурулардың тарауына шыбын-шіркейлер үлкен әсерін тигізеді, олар дизентерия, сүзек, қылау қоздырғыштарын тасымалдайды.

Негізгі белгілері:

- Іштің ауыруы;
- Құсу, іш өту;
- Дене қызуының көтерілуі;
- Әлсіздік,тәбеттің төмендеуі.

Құсқанда және іш өткенде адам сұйықтықты жоғалтады, соның нәтижесінде ағзадағы су алмасу процесі бұзылып, жүректің, тамырлардың, бүйректің және басқа ағзалардың қызметінің бұзылуына әкеп соғады.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алу үшін қандай шаралар қолдану керек?

Осы аурумен ауырған науқастарды және ауру болуы мүмкін деген күдік бар науқастарды уақтылы ауруханаға жатқызу - ең маңызды шаралардың



бірі.

Үйде емдеу, не стационарда емдеу керектігін дәрігер шешеді. Үйде емделген кезде жеке бастың тазалығын қатаң сақтап, қоршаған ортаны ластамаудың, көпшілікке жұқтырмаудың амалдарын қарастыру керек.

Өз-өзіңізді емдеуден аулақ болыңыз! Тек дәрігер ғана дұрыс диагноз қоя алады және қолайсыз жағдай тудырмаудың жолын біледі, тек дәрігер ғана дұрыс емдеу жолын қарастырып, емдеу сызбасын жасайды.

Ең бастысы, үнемі қайнаған су ішуді ұмытпау керек!

Жіті ішек ауруларының алдын алу-да тұрғылықты жерлерді, үй маңын жоспарлы түрде тазартып отыру маңызды.

Жеке бас тазалығының ережелерін сақтау, ас дайындар, тамақ ішер алдында, дәретханадан кейін қолды өте мұқият тазартып жуу да аурудың алдын алады.

Әсіресе тез бұзылатын кондитер өнімдерін, әр түрлі салаттарды, азық-түліктерді дұрыс сақтау, жеміс-жидектерді пайдаланар алдында тазартып жуу және қайнаған сумен шаю, шыбындарды жою – жіті ішек ауруларының алдын алудың негізгі шарттары.

**Г. ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

•31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

XX ғасырдағы аштық пен қуғын-сүргіннің зұлматын еске салады. Осы кезеңде миллиондаған адам көз жұмып, қазақтың дәстүрлі өмірі мен мәдениеті үлкен соққыға ұшырады.


1931-1933 жылдар аралығында қазақ халқы басынан кешкен алапат-ашаршылық: «Ұлы жұт», «Ашаршылық», «Нәубет», «Зобалаң», «Зұлмат» деген атаулармен тарихта қалды. Ашаршылықтың басты себептерінің бірі – ұжымдастыру саясаты, соның салдарынан қазақ шаруаларының астық, мал және басқа да ауыл шаруашылығы ресурстарын тартып алу болды. Үкіметтің индустрияландыруды жеделдету науқандары да халықтың ресурстарын тонап, азық-түлік тапшылығына әкелді. 1930-33 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық орасан зор болды. Миллиондаған адамдар азық-түлік тапшылығы мен ашаршылыққа ұшырады. Құрбандар саны туралы ресми деректер әртүрлі, бірақ болжам бойынша бірнеше жүз мыңнан бірнеше миллионға дейін жетеді. Ашаршылық көптеген адамдардың, әсіресе балалар мен қарттардың азапты өліміне әкелді. Дұрыс тамақтанбау және медициналық көмектің болмауы өлім-жітімнің жоғары болуына және бүкіл әулеттің қырылуына әкелді. Ашаршылық кезінде көптеген елдер мен ұйымдар Қазақстанға көмек көрсетті. Кейбір көмектер алынды, бірақ

Мың өліп мың тірілген АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫ



бұл аштықты толығымен тоқтатуға және миллиондаған адамдардың өмірін сақтап қалуға жеткіліксіз еді. 1930 жылдардағы КСРО-да «Голодомор» деп аталатын ашаршылық жаппай өлімге әкелді. Алайда 1930 жылы ашаршылықтан өлгендердің нақты санын анықтау қиынға түсті. Ф.И.Голощекин басқарған билік аштыққа қарамастан, астықты сыртқа жөнелтуді тоқтатпады. Қазақстанда азық – түлік тапшылығы орын алса да мыңдаған тонна астық Мәскеуге жіберіліп

отырды. Ашаршылық жылдарында қазақ халқының дәстүрлі көшпелі өмір салты түбегейлі өзгерді. Қазақстанда 40 миллионнан астам мал басы болған. Алайда ұжымдастыру мен аштықтың нәтижесінде 1933 жылға қарай олардың саны 4 миллионға дейін қысқарды. Мал саны күрт азайып, көпшілік отырықшылыққа көшті. Аштықтың алдын алу үшін кейбір қазақ зиялылары билікке хат жазды. 1932 жылы «Бесеудің хаты» деп аталатын құжатта ашаршылықтың ауыр салдары көрсетілді,



бірақ оны жазғандар кейін қуғын – сүргінге ұшырағандар:

Джебулаев Накен 1901 жылы Сарқан ауданы Шатырбай ауылында дүниеге келген. Жоғарғы Сот бұйрығымен 19.11.1938 жылы ату жазасына кесілген.

Джексенбаев Садық 1893 жылы Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген. Жоғарғы Сот бұйрығымен 07.10.1941 жылы ату жазасына кесілген.

Олейников Федор 1892 жылы Черкасск ауылында дүниеге келген. Жоғарғы Сот бұйрығымен 21.02.1938 жылы ату жазасына кесілген. Тағы басқа көптеген жерлестеріміз жазасыз қыршынан қиылған. Қазақстандағы ашаршылық аймаққа терең және ұзаққа созылған зардаптар қалдырды.

Р.ОРАЗАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ – нің Сарқан филиалының ақпараттық технологиялар архивісі.

Халықтың басына түскен нәубет

XX ғасырдың ең қасіретті беттерінің бірі – 1931–1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық. Бұл – қазақ халқының жүрегінде мәңгі жазылмас жара болып қалған ұлттық трагедия. Кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру саясаты, мал-мүлікті тәркілеу, көшпелі халықты зорлықпен отырықшыландыруы салдарынан қазақ даласын бұрын-соңды болмаған алапат нәубет жайлады.

1928 жылдан басталған байларды тәркілеу науқаны халықтың күнкөріс көзін жойды. Малынан айырылған ел аштыққа ұшырап, жан сақтау үшін босып кетуге мәжбүр болды. Архив деректерінде миллиондаған мал қырылып, қазақ халқының саны күрт азайғаны айтылады. Кейбір зерттеулерде 1,5–2,3 миллион адамның қаза тапқаны көрсетіледі.

Ашаршылық жылдары қазақ ауылдарының тынысы өшті. Ана баласынан, бала ата-анасынан айырылды. Туған жерін тастап, Қытайға, Өзбекстанға, Ресейге және басқа өңірлерге босқан халық жол азабын тартты. Бұл нәубет тек аштық емес, ұлттың рухани, демографиялық, әлеуметтік күйреуіне алып келген ауыр сынақ болды.

Тарихшылар ашаршылықтың басты себебі табиғи апат емес, сол кезеңдегі қате саяси шешімдер екенін айтады. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы күйреп, елдің тұрмыс-тіршілігі түбегейлі өзгерді. Соның салдарынан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мәдениет үлкен соққы алды.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан ашаршылық құрбандарын еске алып, тарихи әділдікті қалпына келтіруге күш салып келеді. Архив құжаттары зерттеліп, жаңа еңбектер жарық көруде. Бұл – өткенді ұмытпау, болашақ ұрпаққа тарихтың ащы сабағын жеткізу үшін маңызды. «Өткенін ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр» дейді дана халқымыз. Сондықтан 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты еске алу – құрбандар рухына тағзым ғана емес, ұлт жадында сақтау.

Осы орайда аудандық кітапханада осы тақырыпқа байланысты кітаптарды оқырмандарға оқуға ұсынамыз. 4 томдық Таңдамалы шығармалар жинағы (Халқымыздың басынан өткен аштық, қуғын-сүргіннің ауыр зардаптары құжаттармен шынайы баяндалған) – авторы Табыл Құлыяс. «Зобалаң» (1929-1931



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы тұңғыш Президенттің Жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді.

Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатұлы, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров сияқты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, басқа да ұлт зиялылары бар.

Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері («АЛЖИР») сол жылдардағы қатыгездік пен жауыздықтың қара таңбасындай болды. Мұнда саяси тұтқындардың жақын туыстары, әйелдері мен балалары қамалды.

Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – баршамыздың перзенттік борышымыз.

жылдары қазақ елінде жүргізілген күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылығы нақты деректер негізінде баяндалған) – авторы Талас Омарбеков. «Аштық жайлаған дала» (Қазақ даласындағы аштық нәубетін тарихи тұрғыдан талдайтын еңбек) – авторы: Сара Камерон. «Ғаламат жұт шежіресі» (Қазақ ашаршылығы туралы халықаралық деңгейде танылған ғылыми зерттеу) -

авторы: Валерий Михайлов «Сталиндік көшпенділер» (Нақты деректерге сүйеніп жазған неміс ғалымы Роберт Киндлердің Қазақстандағы ашаршылықтың себеп-салдары туралы жазған зерттеулері еніп отыр) – авторы Роберт Киндлер. «Трагедия казахского аула 1928-1934» (Сборник документов) т.б.

Л. ҚҰЛЫМБЕТОВА,
аудандық кітапхана библиографы.

Ұлт тарихының қасіретті беті

1937–1938 жылдар сталиндік репрессиялардың шарықтау кезеңі болды. Бұл жылдары Қазақстанда мыңдаған адам «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, атылды, концлагерьлерге қамалды. Қуғын-сүргіннің негізгі нысанасына айналғандардың қатарында қазақ зиялылары болды. Бұл әрекеттердің мақсаты – ұлттың тарихи жадын жою, ойлау еркіндігін тұншықтыру, жеке пікір айтатын азаматтардың санын сирету еді. Осы кезеңде қазақ интеллигенциясы қатарының азаюы елдің интеллектуалдық дамуына орасан соққы болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарына қатысты тарихи әділеттілік орнауға бет алды. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде Қазақстанда 1997 жылы ресми түрде белгіленді. Бұл күнді бекіту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қабылдады. 1997 жылы 5 сәуірде шыққан Президент Жарлығында 31 мамыр – кеңестік тоталитарлық режим кезінде құрбан болған миллиондаған адамдарды еске алу күні ретінде бекітілді.

31 мамыр – Қазақстан халқы үшін ерекше мәні бар, ауыр әрі қасиетті күн. Бұл зұлмат заманды ұмытпау, сол кезеңнің ауыр сабақтарын санада сақтау, болашақта мұндай қателіктерге жол бермеу үшін белгіленген ерекше дата. Бүгінде бұл күн – халықтық естелік пен тағзым күні. Қазақстанның түкпір-түкпірінде ескерткіштер орнатылып, мұражайлар ашылып, ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Бұл күн ұрпаққа сабақ. Ол бізге әділетсіздікке қарсы тұрудың, еркіндік пен адам құқығының қаншалықты маңызды екенін еске салады, азаттықтың құнын ұмытпай, қайғыдан сабақ ала білуге шақырады. Тарихындағы қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз!

К.БОЛАТ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.

Саңлақ әнші Жәнібек Көрменов ағамды ойласам, кәзіме Құлагер елестер еді. Иә, кәдімгі Ақан серінің аламан бейгеде мың сан аттан оқ бойы қара үзіп, мәреге қарай жүйткіп келе жатқанда омақаса құлаған өрен жүйрігі.

Жәнібек те намазшам, намаздыгер арасында армандарына қарай қатты асығып, заулап бара жатып ертоқымнан ауып түскен...

Жәкең үйіндегі Тоты жеңгейден сыр тартып отырғанда білдім, бұ кісі де әншіні ең алғаш осы «Құлагер» әнін шырқаған кезінде көріпті. Сол сәт Сарқанның тал шыбықтай бұралған он жеті жасар қызы Қазақ политехникалық институтына құжат тапсырып келген беті екен. Түскен үйіндегі алқа-қотан отырыста әлдебір жас әншінің өнеріне қайран қалады.

— Құлагер, айналайын тұлпарым-ай, Бір көрмей тұра алмайтын, сұңқарым-ай. Даңқыңа бүкіл адам ғашық болып, Бір көрсек деп тұратын іңкәрім-ай...

«Есімінің Жәнібек екенін кейінірек білдім. Жиырмада екен. Жан тебіренген мұндай ғажайып, асқақ дауысты өмірімде бірінші рет естіппін. Жүрегім аттай тулап, қатты алабұрттым. Бірден ерекше баурап әкетті» — дейді апайымыз ағынан жарылып.

Жанары жәудіреп, сонадайдан өзіне үзіліп қарағыштай берген бойжеткен назарын сезімтал балаң жігіт те қалт жібермесе керек.

Қысқасы, әлгі кештегі сырт таныстық біртіндеп Алматының салқын самалы лекіген тұңғық түндеріндегі ұзақ сырласуға ұласады.

Осылайша екі ғашық арада бірер жыл өткенде бас қосып, отау тігуді ұйғарған. Міне, Тоты ханымның өмірі Жәнібектің әуелеген ән ғұмырына, күмбірлеген күй ғұмырына осылайша жалғасады. (Айта кетейік, жеңгеміздің шын есімі — Тұрар. Ал Жәкең Абай атасының әйелі Шүкіманның есімін Әйгерім деп өзгертіп алғаны секілді, жан жарын Тоты, Тотай деп атап кетіпті. Қазір көпшілік те келе-келе әбден сіңіскен осы атты қолай көретіндей).

Жиырма жылғы отбасылық өмірде Жәнібектей серінің көңіл ауанын дөп басып, қас-қабағына қарап, кез келген жағдайда сенімді серік бола білген екен...

Жәнібек Көрменовтің «ән академигі» атанған Жүсіпбек Елебекұлының класында тәрбиеленгені мәлім. Әйтсе де ол халықтың түрлі ән мектептерін алаламай, мүмкіндігінше, қанатты кең жаюға тырысқан. Көптеген шет елдерді аралап, қазақ әнін бірқатар сырт мемлекеттер аспаны астында әуелеткен. Әйтеуір, ұлттық өнер көжіегін барыңша көңейтуге күш салған.

Өнер адамының зайыбы қосағының шығармашылық тыныс-тірлігін терең түсінуі де бір ғанибет шығар:

— Қазақ елінде қанша ән дәстүрі барса, соның бәріне дендеп барды. Ақселеу Сейдімбек ағасы екеуі жасаған оншақты телевизиялық хабар бар. Сонда білікті маман ретінде Мұхит, Кенен әндері, өзге де халық ақындарының шығармалары, Шәкәрім мен Сәкен мұралары дегендей, бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі бағыттағы дүниелерді жан-жақты саралады.

Осылайша, Жәкең бір кезең Қазақ әні әлемінің ұлттық музыка фольклоры зерттеушісі ретінде де танылған екен.

— Әндерді көбінесе архивтерден алатын. 1988 жылы қазақтың үш жүздей әні мәтінін қалпына келтіру бағытында екі томдық антология шығарылды. Міне, осы тұрғыда көп ізденіс жасады...

Байқауымызша, өнерпаз, халықтың барлық мектептері қырларына терең бойлады дегенімізбен, жанына жақын Арқа ән дәстүріне көбірек ден қойғандай. Сондай-ақ оның өзі туып-өскен өңір мәнеріне, оның ішінде Абайдың өнерпаздық тағылымына жітірек қарауы да, бір себептен, қисынды сияқтанады.

Сөйткен әнші, әрі өнер зерттеушісі күндердің бір күнінде сөз өрнегі айрықша, сонымен бірге қаламы әбден төселген жазушы ретінде көрінеді.

Бір қызығы, оның осы қырына жерлестері аса таңырқай да қоймағандай. (Бұ тұста бір айта кететін жәйт — Жәнібек Абайдың досы Ерболдың туған інісі — Дүтбайдың шөбересі көрінеді. Сондықтан ағайындары Шыңғыстау баурайында туып-өсіп, бойына сөз дарыған ұланның қаламға икемділігін зандылық деп қабылдаса керек).

— Жазушылығы негізсіз емес, — дейді Тоты тәтеміз де. — Сол ауылдың Шәкәрім атамзды көрген, Мұхтар ағамызбен үйегі қағыстырған қарттардың сөзіне зейін қойып өсіпті. Көмен Оразалин деген ағасы қазақ тілі мен әдебиетінен мұғалім болған кісі. Осылардың бәрі ықпалын тигізбей қоймайды. Өзі екеден алты жасында жетім қалыпты. Көңілін тербеткен мұң да жоқ емес қой. Көкейде тұнған сырды бір мезгіл сыртқа шығармаса ішқұса бола бастар ма еді, кім білсін. Оның үстіне Абай елі ежелден ән мен жырдың бесігіндей қасиетті өлке. Соның бір бетке шыққан қаймағы да...

Жеңгеміздің айтуынша, Жәнібекті алғаш қаламгерлікке итермелеген белгілі ғалым, жазушы Рымғали Нұрғалиев болып шықты. Әнші інісінің бұл жағынан да қаражаяу

емесін білетін ол түрлі тақырыптарды жиі ұсынып, қоярда қоймай жүріп жазғызған. Дарынды адам бұл жағынан да қамшы салдыра қоймаған-ау...

Жәнібек Көрменов қаламынан әр жылдарда «Ақылбайдың әні», «Ғашықтың тілі», «Махаббат әні» секілді тартымды әңгіме-хикаят жинақтары туған.

— Алғашқы кітабы 1980-ші жылдары шықты. Түнімен отырып жазатын еді, — деп сыр ағытады апай. — Жәкең ұйықтап қалған кезде ұрланып оқуға құмартушы едім. Кейін: «Әлгі кейіпкерің кім, ол онда неғып жүр, оқиға нәліктен солай жалғасты» дегендей сұрақтар қоямын. Сонда: «Жазушының фантазиясы деген болады. Ол кейіпкерді нақ бөлен, тура сол адам деп айта алмаймын» деп жауап беретін.

Тұрар Бәйгелқызы бертінде жолдасының



газет-журналдарда басылған мақалалары мен телерадиода жүргізген сұхбаттарынан тұратын «Әннің қазақ жетпес бұрмасы» деп аталатын жинағын құрастырып шығарыпты. Ал бұрынырақта жазушы Тұрсын Жұртбаймен бірігіп, «Жәнібек» деген естелік жинағын жариялатқанын білетін едік. Онда әйгілі әншінің жақын араласқан замандастары жүрекжарды лебіздерін білдірген.

Жалпы, халқы Жәкеңді көзі тірісінде-ақ ерекше әлпештеген-ді. Айталық, Ғабит Мүсірепов «басқа әншілер бір төбе, Жәнібегім — бір төбе» деп айрықша аялаған.

Мұның мәні сонау он тоғызыншы ғасырдағы сал-серілердің сарқытындай, әуен-ырғағы өзгеше әншінің сонау «саф алтын» ескі сарының мейлінше бұзбай жеткізінде жатқандай. Нақтырақ айтсақ, ол бүгінде жиі айтылатын «заманауи» әуеннен қашып, әннің сіңісті қазақы қалпын дәл жеткізуге күш салған. Сонда кәрі құлақ тыңдаушы шығарманың жақсы сақталған ұлттық бояу-нақышына тәнті болып, елтитін терізді.

Осы ретте Жәнібек ғұмырының ұлы Мұхаңмен де қатыссыз еместігі еске түседі. Бес жасынан қу шыбықты домбыра етіп, халық әндерін салуға талаптана бастаған бала Жәнібек 1958-1959 жылдары сахнаға шығады. Сол күндердің бірінде оқта-текте елге соғып тұратын Мұхтар ағасының алдында ең салыпты. Тағы бір ғажабы, кейін Мұхтар Әуезовтің музыка аспабының атақты шеберлері ағайынды Борис пен Эммануил Романенкоға арнайы жасатқан домбырасы араға жылдар салып осы Жәнібектің иелігіне өтеді. (Бұл өз алдына бөлек әңгіме).

Тоты жеңгей жолдасының сол алыптар тобының өкілдері — қос Ғабең және Сапарғали Бегалин, Рақымжан Қошқарбаев сынды қазақтың маңдайына біткен бірқатар жақсы-жайсаңымен етене араласып, әкелі-балалы, ағалы-інілідей жарасымды өмір кешкенін айтады.

Өлбетте, бұлардың ішінде әншіні Жүсіпбек Елебековтің туған ұлындай еркелеткені туралы мысал көп. Ондай әңгімелерді жас шәкіртке шеше орнына шешеді қамқорлық жасаған Жүсекең үйіндегі Хабиба апайымыздың аузынан да талай естіп едік.

Базбір замандастары Жәнібекті ұстазы Жүсекеңе қатты ұқсатады екен. Тіпті, кей жолдастары ақсақалдан: «Шыныңыздай айтыңызшы, осы балаға ешқандай қатысыңыз жоқ па?!» деп қыжырытып, соқтыратын да секілді.

Кейде қазақтың аңдамай айтылған қалжыны да кісі өлтірмей ме. Баяғыда болашақ әнші Өміре бозбала шағында әкесіне еріп Қаражан деген байдың қамбасына барыпты; сонда әлдебіреу Қашаубайдың қасына келіп: «Қашеке, мына қасыңыздағы бала өз балаңыз ба? Өзіңізге серік болып қалыпты ғой. Немене, оқи ма?»

— деп сұрайды. Сонда Қашаубай әдеттегі әзілқой мінезіне салып: «Иә, бала өзімдікі деп жүрмін ғой. Жоқ, әлде танып тұрсың ба?!» — деп күле жауап беріпті.

Сол айтқандай, Жүсекең де әлгіндей қыныр сауалдарға жымыып күледі де қояды екен.

Ондай әзілде, әрине, Жүсекең шәкіртінің ұстазының өзінен туғандай біте-қайнасып кетуі туралы терең мағыналы теңеу-тұспал жатыр.

Әсілі, Жәкеңнің өз мінез-құлқынан да сол кемеңгер халқымызға тән асыл қасиеттерді байқауға болар еді. Зайыбы да, әсіресе, әнші ағамыздың жайдары, жайсаң мінезін ыждаһаттана баяндайды:

— Өте балажан еді. Балалармен бала-ша ойнайтын. Үлкенге иіліп, ізетті іні бола білді. Сондай кішіпейіл, ақжарқын. Кейде бір

тез ашуланып қалатын мінезі де жоқ емес-ті. Бірақ тез қайтатын, жүрегіне зіл болмайды. Кек сақтамайтын. Кешірімді еді. Жүрегі даладай кең. Өркімнің ондай қасиеті болады деп ойламаймын...

Жәкең қол боста карта ойынына бейім деп еститінбіз. Жеңгейден әнші ағаның осындай әуестігінің жай-жапсарын сұрадық.

— Картаны, шынында да, жақсы көретін. Әмбе тәуір ойнайтын да. Осы, түнді түнге жалғап отыратын кезеңдері кездесетін. Кейде менің ашуым келеді. «Мыналарың денсаулығыңа қып-қызыл зиян ғой! Бір сәт ұйықтамайсың ба, дамылдамайсың ба» демеймін бе. — «Сен не білесің! Қайта, мен осындайда дем аламын. Қанша жұмыс істеп, ми шаршап жүргенде осыдан тынығамын», — деуші еді. Одан соң сәл қалт етсе оңаша қалып, толғануды ұнататыны бар-тын.

— Шығармашылық адамы, әсілі, қым-қуыт терең ойдан да ләззат алатын болып тұр ғой.

— Иә, әсіресе, бір мезгіл табиғат аясына шығып, бой жазуды қалайтын. Ондайда ескінің қазақтарынша басына — тақия, үстіне жеңіл шапан киіп, қолына таяқ ұстап қырға шығып, ұзақ серуендейді. Бірталай жылдар «Көктем» ықшамауданында тұрдық. Сонда Алатау бөктеріне дейін жаяу барып, жаяу қайтып жүрді. Бір сәт өз-өзіңмен сырласудың да рахаты жоқ еместей. Ойланады. Мазалаған сауалдардың жауабын іздейді. Миында болашақ шығармаларын пісіреді. Артында қалған үш кітаптың бәрін солай жазғандай.

Өткен, амал не:

— Құлагер, айналайын шабысыңнан, Атағы елге шыққан дабысыңнан. Біліп ем өлеріңді, Құлагерім,

Шыңғырған түсімдегі дауысыңнан, — деп өзі шырқағанындай, композиторлық қыры да ерекше, тұлпар тағдырлы әнші сұм ажалдың біртіндеп жақындап келе жатқанын сезді ме екен, «Жастық шақ» аталатын әнінде:

— Жалындап келдім өмірге, Жайлауын кешіп жастықтың, Адасып қалдым бұл күнде, Білмеймін, қайда асықтым. Зулайды күндер, зулайды, Тулайды жүрек, қимайды, Жас дәурен мойнын бұрмайды, Жастығым қолын бұлғайды... немесе «Өмір туралы» толғауында:

— Опасыз мынау дүние, тұтқа болған кімдерге, Өмірдің соңы — өкініш, санамен ойлап білгенге. Қадірі болмас адамның ортанда тірі жүргенде. Орыны қалар ойсырап бір күні көрге кіргенде. Мұңайма, Жәке, мұңайма, сабыр ет енді, жүрегім, Бір күні сен де тоқтайсың,

оны да жақсы білемін, Бас имей жүрген тағдырға, дертті жаның бірі едім, Адам боп көп ем өмірге, Адам боп өтсем — тілегім, Бәріңе соны тіледім! — дегендей жолдарды түзіпті.

Бұлардың бәрінен бұлқына ышқынған, әлдеқайда алып-ұшқан жан толқынысын аңдаймыз.

Сөйтіп жүргенде, ширыққан домбыраның ішегіңдей, қапияда үзіліпті де кетіпті. Қырық үш жасында...

Бірақ «Әлді деуге сыя ма, айтыңдаршы» деп Абай атасы айтатынындай, Жәнібектің енді қайтып оралмайтынын басқа басқа, Тоты жеңгеміз мойындай алмайтын секілді:

— Әлі күнге дейін сенбеймін, шынын айтсам. Әлі де өне-міне кіріп келетіндей көрінеді де тұрады. Көрген түстей күйде қалдық. Арада қаншама жыл өтсе де әлі елегізімін. Қайтыс болған алғашқы жылдарда құлап қалатындай жағдайға да келгенбіз. Үйде бір ұнтаспа бар еді. 1986 жылы Ленин комсомолы сыйлығын алған-ды. Сол қуанышқа жиналған отырысты толықтай жазып алып-пын. Әйткенмен, жазбаны кейін бастан-аяқ қайта тыңдап үлгермейсің де ғой. Өзі қайтыс болғаннан кейін арада біршама жылдар өткенде әлгіні қаттырақ қойып қойып, ас үйге жеткен кезімде Жәнібектің: «Әй, Тотай!» — деп қалған дауысы шалқамнан түсірді. Мені шақырған үні жазылғанын білмеппін. Сол дауыс дәл құлағымның түбінен естілгендей естен тандым. Жүрек жарасы жазылмайды екен. Тырнала береді. Уақыт емші деп жатады. Соған сене қоймаймын...

Жәкеңнің балаларының есімі Әдебиет әлеміне қатыссыз емес — Өсет, Ақбота, Шәкәрім...

Таяуда Тоты жеңгей Жәнібектен екі жаста қалған Шәкәрімнің 7-ші класта жүргенде жазған бір шығармасын тауып алыпты. Онда кенже ұл былайша толғанады:

«Әке» — үш-ақ әріп. Бірақ осы сөздің бағасы мен құнын адамзат біле бере ме? Әкенді құшақтап, басыңды кеудесіне қойып, бір еркелеп алғанның өзі шексіз бақыт екеніне елдің бәрінің көзі жете бермейді. «Қолда барда алтының қадірі жоқ» дейді ғой қазақ. Мен баға жетпес «алтынымнан» есім кірмей-ақ ерте айырылып қалдым. Мүмкін содан да шығар, апайым берген тақырыптан тыс әке туралы жазып отырғаным... Бұл жазғаным — мен үшін еріккеннің ермегі емес. Ішіме сыймай бара жатқан дерттің қысып, қинаған кезіндегі жүректен шыққан әкеме деген пәк, сазды сағынышым. Жасымнан құрбыларым сияқты әкемнің алдына отырып, әкемнің жылы алақанын сезбегеннен шыққан сағыныш. Кейде осындай кең дүниеге сыймай, ішімдегі дертіме шыдамай, әкемді құшақтап, әкемнің қанатының астына тығылып, бар әлемді ұмытқым келіп кетеді. Бірақ амал не, тағдырдың жазғаны сол болды, амалсыздан шыдаймын. Балапандай кезімнен мәпелеп, өкенің орнына әке болған асыл анамның көңіліне қарап, ішімдегі жалынды көрсетпеуге тырысамын. Әкемнің жоқтығын сездірмей, құрбыларымнан кем қылмай өсіріп келе жатқан анамның жүрегіне бұл жай ауыр тиетінін де түсінемін. Сондықтан да, көрсетпеймін. Бірақ өзімнен-өзім әкемнің ұнтаспаларын тыңдап отырған кезімде көзімнен жас сорғалап кеткенін де байқаймын. Сағынамын! Қиналамын! Түнде ұйықтар алдында әкем бүгін түсіме кірсінші деп Алладан тілеймін. Түсімде болса да әкеммен бірге болғым келеді. Әкемнің дауысын суық ұнтаспадан емес, тірідей, таза тыңдағым келеді. Дана, ұлағатты сөздерін әкемнің достарының аузынан емес, өз аузынан тыңдағым келеді. Бірақ мұның бәрі тек қана арман, қиял. Қатыгез тағдырдың жазғанына көнуден басқа амал жоқ. Бірақ қолымнан келгені — әкемнің атын өшірмей, жолын қуып, ғибратты ойлары мен асқақ дауысын келер ұрпаққа жеткізіп, Жәнібек Көрменовтің ұлы деген атқа сай болу. Өмір бойы осы мақсатымды орындауға соңғы демім жеткенше тырысамын. Бар күшімді саламын. «Болмасаң да ұқсап бақ» деп Абай атам айтқандай, әкемнің деңгейіне әлі жету алыс екенін білсем де, жан аямай тырысамын. Кім біледі, алда әлі бүкіл өмір бар емес пе!»

— Осы Шәкәрімнен үмітім бар енді, — дейді Төкен. — Қаламға да бейім. Елге тележүргізуші ретінде танылды. Ал Ақбота мен Өсет екеуі де заң қызметкері ғой. Кенен атамздың Жәнібектің орындауындағы «Ақ ешкі» әнінде «Домбыранның қала ма иесі жоқ» деген сауал жанымды мұздай қарып, мен де домбырасы иесіз қалар ма екен деп мұңданушы ем. Құдайға тәуба, кіші ұл он үш жасынан бастап өнерге бет бұрып, домбырасына ие болды. Атақты әнші болуға ұмтыла қоймаса да, өзі үшін әкесінің әндерін тербетіп отыратын кездері дәтке қуат!

Кейде Жәнібек аға өмірден ерте озғанымен, бақытты әнші ме деген де ой келеді. Елімізге елеулі шәкірттері бар ұстазда арман бар ма! Оның үстіне, Жәнібектің қасиетті домбырасы өз баласы Шәкәрімнің қолында ғой.

Ал әні — халқының жүрегінде!

Құлтөлеу МҰҚАШ.

ӘКЕ АМАНАТТАҒАН ӘДІЛДІК

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Тоқаев ұлт руханияты үшін - аса маңызды құжат - "Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлыққа қол қойды. Демек қалың қауымды кітаппен достастыруға жүйелі шаралар жүзеге асырылатын уақыт келді. Осыған орай белгілі журналист Махат Садықтың Кемел Тоқаев шығармашылығы туралы сараптамалық мақаласын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Әдебиет – халықтың рухани өмірінің ең күрделі әрі маңызды бөлігі. Қоғамдағы халық қалайтын игілікті өзгерістер, көпке ұлағатты сөзі өтер зиялы жұрттың арасындағы өткір пікірталас арнасында қалыптасады. Біз сөзге жақын елміз. Сөз бен уәжге тоқтаған қазақпыз. Жазушы – сөз зергері. Ұлтының келешегін күйттеген қаламгердің бірден-бір қаруы қаламы. Ел мен қоғам тағдырына қатысты толғақты да көкейтесті талқыда – парасатты пайымы қалыптасқан өз пікірін жазғанда оқырманының жүрегін селт өткізу. Өмірлік өзекті құбылыстарды қағазға түсіріп, қазақтың мақсат – мұратын қазақ қабылдап ұғынатындай ұлттың жанын сөзбен иландырып өрнектеу. Елінің ертеңгі ережесін қиялға салып суреттегенде ежелгі жырларда айтылатын әділдікті ту еткен, жаны таза, ары таза салт – дәстүрімізге, өнеге, тәрбиеге тұнып тұрған даналық пен ұлағатты келешек ұрпаққа фибрат ету. Мұндай өсиет-өнегені оқырманына айтар жазушының қалыптасқан өз көзқарасы бола-ры анық.

Махат САДЫҚ

Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында әдебиетімізге мықты жазушылар келді. Біршамасының шығармаларын бүгінгі буын қызығып оқиды. Көпшілігі елеусіз, ескерусіз қалуда. Содан беріде ғасыр ауысты. Мыңжылдық тоғысында тәуелсіздік алдық. Қоғам өзгерді, заманға сай оқырман да өзгерді.

Елу жылда – ел жаңа. Жас мемлекетіміздің жаңа ұғымдағы жастарына атадан қалған асыл сөзді жеткізер әдебиетімізді сараптайтын уақыт та жеткен тәрізді. Кешегі классик аталып, қазірде кітаптары кітапхана сөрелерінде ашылмай тұрған жазушыларымыздың творчествосына тереңірек үңіліп, жауапкершілікпен сараптасақ, әлі де фибрат алар асыл ой – толғауларды табарымыз сөзсіз.

Әуелден келісіп алар бір ақиқат бар. Тәрбиелік мәні зор, басымызды біріктіруге септігі тиер сол жазушылардың шығармаларын айтқанда, пікірімізге құлақ аспай – ол жағымпаздық деп дүрдараздыққа кетіспейік. Тоғыз тарам жолдан келешекке керегін таңдайық. Жасыратын құпия емес, соның бәрі жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жарияланған кітаптарды бүгінгі күн талабы тұрғысынан талқыламағанмыз, тіптен сол кітаптарды қолымызға алып қайталап оқымағанымыз!

Мақаламда жазушы Кемел Тоқаевтың творчествосын сөз етпекпін. Иә, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкесі.

ҚР кезектен тыс Президент сайлауы 2019 жылдың 9 маусымына өткені баршамызға аян. Сол кезде Президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауда жетіске жетіп, Мемлекет басшысы болған жағдайда «Сабақтастық, Әділдік, Өрлеу» атты үш бағыттан тұратын Бағдарлама ұсынғанын білеміз.

Бүгінгі әңгімеміз айтулы үш бағыттың бірі - Әділдік хақында. Өке жазушы - әр шығармасында оқырмандарына ту еткен Әділдік формуласының, сол оқырмандары таңдап сайлаған Ел Президенті ұлының - халқына ұсынған басты бағдарламасына айналуының сарабалд саясатына арналмақ.

Кейінгі он жылда майдангер жазушы Кемел Тоқаевтың шығармаларын екі рет оқып шыққан екі адам болса, соның бірі мен шығармын. 2007-08 жж. Сенат Төрағасы Қ-Ж. Тоқаевтың баспасөз-хатшысы болғандықтан ол менің қызметтік міндетім еді. Он жылдан соң қайталап оқуым Кемел Тоқаев туралы түсірген «Кемел келешек» телефильмінің сценарист – режиссерлік жұмысындағы жауапкершілігім саналады.

Сонда нақты байқағаным Кемел Тоқаевтың шығармалары, детектив жанрындағы жылдам өзгерістерге толы шым-шытырық оқиғаларға мол көріністерде бас кейіпкерлер әділдік іздеп сарсаңға түседі. Көрініс деуімнің себебі алпысыншы – жетпісінші жылдары оқырмандары танысқан «Тасқын», «Түнде атылған оқ», «Қастандық»,

«Көмескі із», «Таңбалы алтын», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Соңғы соққы», «Ұясынан безген құс» кітаптарындағы сюжеттерді қазіргі жағдайға бейімдеп көркем фильм, телевизиялық сериалдар түсірсе беруге болатындай. Әр сюжет кино көріп отырғандай, көз алдында тізбектеліп өтіп жатады. Сценарийге айналдыру жеңіл. Заман дағдысы кітапты фильм нұсқасында тамашалайтын уақыт талабында - туған ел, туған жерге қатысты ұлттық идеяның көусар бұлағын, кемел келешекке ұмтылған бүгінгі ұрпақ табары мені иландырды. Енді соған тоқталайын.

Жазушылық өнердегі азапты машақат - кейіпкердің ұлттық мақсат жолындағы жан толқыныстарын бейнелеу. Ұлттық характерді, ұлттық образды дәл тауып, сәтімен суреттеу әдебиеттегі ең қиын да күрделі процесс делінеді.

Кемел ағамыз әрбір шығармасында оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанысын қазақтың әділдік дейтін адамгершілік идеясына бағындырады. Бұл Қаламгердің өмірлік позициясы екенін барлық туындыларын оқығанда толық сезіндім.

Әрбір шығармасындағы оқиғалар, ойлар мен сезімдер толғанысын өрбіте отырып – қазақ діліне тән идеяны көпұлтты қазақстандық идеологияға сабақтастырған қаламгердің өмірлік танымы мен талғамы, сараптауы мен саралауының темірқазығы – оның ғұмырлық құбылыстарға өз көзқарасы.

Кемел Тоқаевтың «Ұясынан безген құс» романында Ұлы Абайдың: «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бөрі бос» тағылымын дамытады. «Қазақы ұямыз - таза, пәк ұя. Содан безсең - азғындайсың» деген идеяны мұрат еткен құқық қызметкерлері - қазақ ұлтының ар - ұятты, мал - жанның биік қоятын мораліне сүйеніп өз міндеттерін абыроймен орындайды. Жазушы сол кездегі әдебиетте айтылмайтын ұлт тақырыбына тоқталып, ағайынның ала болмауын кейіпкерлерінің әрекетімен баяндайды. Қазақтың бір - біріне әділетті қарым - қатынасы ел бірлігін, ынтымағын, ұлт ұясын қадірлеп - қастерлеуге бастайды деген көкейтесті ойын романдағы сюжеттермен жеріне жеткізе пісіреді. Жағымды кейіпкерлерінің барлығы дерлік қазақ ұлтынан болуы да соның дәлелі.

Социалистік реализм негізіне құрылған советтік әдебиет теориясы – ол кезде ұлт мәселесін тек ұлы орыс халқымен достық, интернационализм төңірегінде сипаттаумен ұйытылатын. Бұл проблеманы сол кезеңде жазушылар қауымы айтты да, жазды да. Негізінен Қазақстан Жазушылар Одағы басшылығы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі идеологтар арасындағы белгілі дүрдараздық осы түйткілдерден бастау алатын. Коммунизм мүддесіне орайластырған «барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» девизи, Москва бекіткен социалистік реализм шеңбері белгілі еді. КСРО цензурасының таптық принцип талабы ұлттың бүгінгісін айту былай тұрсын,

өткен тарихын да жазуға рұқсат бермейтін. Илияс Есенберлин мен Мұхтар Мағауиннің тарихи романдары цензорлардың тізгініне түсіп, сан мәрте қайта жазылып жатқан уақыт. Міне осы шытырман кезде Кемел Тоқаев шытырман оқиғалы детектив шығармаларында қылмысты қасақана жасайтын баукепелер мен социалистік мүлікті ар-ожданнан аттап ұрлайтын жемқорлардың атын атап, түрін түстейді. Көбінесе оларды мәңсеп жолында қазақ топырағын пайдаланып, асын ішіп, ыдысын итеріп, әдет - ғұрпын, дәстүрін аяқпен теуіп, кейін байласаң тұрмайтын, жақсылықты білмейтін алғысы жоқ өзге ұлыстың пасық пенделер сыпатында айшықтап береді.

Онысын жазушылық шеберлікпен жымдастырып жібереді. Цензордың темір тырнағына ілікпес үшін, қылмыстық деректерді мемлекеттік ресми органдардың архивінен алғанын, хроникамен сабақтастырады. Елді – мекен атауларын өзгертпей пайдаланады. Содан да шығар дайын кітаптары жүздеген мың тиражбен қазақ және орыс тілдерінде оқырмандарына жетіп жатты. Шет тілдеріне аударылды. Осылайша оқырманы ең көп жазушыға айналып, есімі елге танылған қаламгердің әріптес інісі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баққожа Мұқай: «Қызметтес болғанда орыс тіліндегі бір кітабы "Қазақстан" баспасынан бес жүз мың данамен шықты. Жақсы ағаның қамқорлығын көп көрдік», - деп жазады.

Өкінішке қарай, табиғат бойына қабілетті мол берген адамды күншілдік ешқашан кешірмейді. Әділдігі адал бәсекелестікке айналмаған сан тарап қоғамдық құрылыстардағы заманалар сыры осындай. Ендеше сегіз қырлы, бір сырлы ондай талантпен қалай күресіп, қалай жеңеді. Оның пендешілік көнігі жолы, бір-ақ тәсілі бар – орынды-орынсыз кудалау. Соңынан есек тарату, астыртын әрекет жасау, айнала беріп, арқасынан қамшы сілтеу. 1978 жылы «Жалында» жарияланған Кемел Тоқаевтың жаңа романының үзіндісіндегі бір сөйлем сөз жазушыға қарсы науқанға желеу болды. Орталық Комитеттен түскен шұғыл нұсқаумен журналдың сол нөмірі өртелді. Барлық шығын қаламгердің қалтасынан төленді. Министрлік деңгейіндегі қызмет есептелетін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Жаршы - Ведомости» Бас редакциясының Бас редакторы лауазымынан босатылды. Бұл аз дегендей, ЦК бөлімдерінің дөкейлері ардагер жауынгерді партиядан шығаруды ұсынды. Ешкім сол фактінің Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында жазылғанын елемеген. Дауылпаз ақын – жазушының сол шығармасы еш өзгерту енгізілмей дүкендерде сатылып, кітапхана сөрелерінде тұрғанын елемеген. Бұл деректердің мұрағатта ашық тізімде тұрғанын да ескергің келмеген...

Жазушының әр кітабын зерделей оқып, сын тезіне салғанда оның сол кезеңде қалыптасқан таптық таптаурын сюжеттерден бойын аулақ салып, қазақ халқының ар-ұятты мал-жанынан биік қоятын

адамгершілік мораліне сүйеніп сипаттайды. Жақсыдан үйрену, жаманнан жиырену, әдептен озбау, біреудің ала жібін аттамау, ата салтын бойына сіңіру – Кемел Тоқаев туындыларындағы жөн-жосық қағидасының қазығы осы! Сол советтік заманда ұлттық руханиятты іздеп жүріп, бір-біріне айта жүріп табатын оқырмандар қаламгердің кітаптарын дүкенде көп тұрғызбайтын. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов майдандас замандасы творчествосына берген бағасында: «Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаев болды. Ол қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп қаламгерлердің бірі саналды. Оқырмандарының өтініші бойынша Кемелдің кітаптары үш-төрт реттен қайта басылып отырды», -деп жазған.

Қилы-қилы тосын уақиғалар, ізі көрінсе де шешімі тұспалдауға да қиын сан тарау қылмыстың жасалуы мен әшкереленуін, шиеленіскен жұмақ жағдайларды бір-бірлеп суыртпақтап тізбелеп баяндайды. Сюжет штрихтері қазақ жеріндегі әділетті қоғамдық ахуалға разы күштердің күн-түн тынбай ізденістерінің нәтижесінде наразы кертартпа күштерді түптің-түбінде жеңуімен аяқталып отырады. Ал қылмыскерлер болса Қазақстанға күн көрістерін оңай жолмен жақсартып, тек нәпақа табуға келген келімсектер образында есте қалады. Негізінен осы детективті кітаптарын жазу үшін болған жәйттерді Ішкі Істер Министрлігінің ресми хроникасынан іріктеп алаған жазушының бұл шығармалары жыл аралатып осы күштік органның үздік детективті туындыларға арналған конкурстарында бас бәйгені иеленіп отырған. Бұл туралы жазушының әріптесі, отставкадағы полковник Қалмұқан Исабаевтың 1998 жылдың 23 қазаны күні «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Тоқаевтың үш сыйлығы» деген естелік мақаласында жан-жақты жазылған.


Қазақ халқы жиырмасыншы ғасырда талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Сол сынақтарда Рухы жеңілмеген халықтың тағдыры – әрбір көшелі қазақтың тағдыры. Қилы кезеңнің суығына шыдап, ыстығынан өткен кейіпкеріміздің ғұмыры да ел тағдырымен еншілес. Өмірде ешнәрсе із-түзсіз кетпейді. Өткен жолын жетік білетін халық қана алдағы алар асуларын да айқын елестете алмақ. Бағзы заманда бабаларымыз бал - бал тастарға ойып, қашап жазып кеткендей, өз Отаның, бұл дүниедегі қорғаның мен тірегің болмаса - тағдырың та-мырсыз, тұрлаусыз қаңбақ сияқты.

Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» автобиографиялық романының эпиграммасында «Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлік өліммен қаза тапқан политехник Қасым Болтаевқа арнаймын» делінген. Соғыс деректері жинақталған кейінгі жылдарда жарияланған мәліметтерде: 186-шы атқыштар дивизиясының 290-шы атқыштар полкі көлік ротасының саяси жетекшісі Қасым Болтаев 1942 жылы 22 ақпан күнгі ұрыста ерлікпен қаза тапты. Қасым жазушының жалғыз ағасы еді...

Өлім мен өмір айқасын көзбен көрген Кемел Тоқаевтың "Солдат соғысқа кетті" романының стилі соғыстың суық та сұрқай шындығын боямасыз қаз - қалпында сипаттайды. Ал, стиль деген – адам. Әдебиеттің киелі қасиетін қадірлейтін жазушының жаны.

Ұлы Отан соғысы, бүгінде екінші дүниежүзілік соғыс аталатын сол сұрапыл майданға қатысқан жауынгерлердің естелігін мектепте жүргенде көз көргендерден естіп өстік. Талай кітаптарды оқыдық, киноларды тамашаладық. Бәрінде де фашисттерді тым-тырақай қуып, қырып тастайтын солдаттардың ғажап ерліктеріне көміл сендік. Иландық. Соғыс тек адам өлтіру майданы деп қабылдадық.

Ал Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романын оқығанда мән-жайда жер мен көктей айырмашылығы барын байқадым. Жазушы әдеттегідей соғыс романтикасына кіріп кетпейді. Қан майданда да жұмыр басты жандардың пендешілігін, адамгершілікті ұмытып, адалдықтан аттап өте беретінін көрсетеді. Соғыс та қарабайыр қарапайым тіршіліктің бір беті. Жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік араласып қатар жүреді. Романның алғашқы тарауларында ақ біреудің атып түсірген жау ұшағын, награда дөметкен абыройсыз иеленіп кеткісі келеді. Соғыс сәтіндегі күңгей мен көлеңкеде бас кейіпкер бірде өзі, бірде ағасы Қасым болып әділдікті орнатуға күш салып жүреді. Сонысымен де роман адамзаттық құндылықтарды паш еткен, «ура, алға» сипаттағы даңғазалықтан ада, адами биік сананы дәріптейтін психологиялық күрделі шығарма. Туындының өн бойы әділдіктің ақ туы қара қылды қақ жарғанда жеңіс күні жарқырап келеріне күмәнсіз сендіреді.



ИСПОЛНЕНЫ ПРЕДПИСАНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проведен мониторинг деятельности государственных предприятий.

По итогам мониторинга установлено несоответствие уставных видов деятельности государственного коммунального казенного предприятия «Ясли-сад №1 комбинированного типа», «Ясли-сад №2 комбинированного типа», «Ясли-сад №3 «Балбөбек», «Ясли-сад №4», «Ясли-сад №5» ГУ Отдел образования по городу Талдыкорган Управления образования области Жетісу» требованиям постановления Правительства Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 1095, что является нарушением законодательства в сфере защиты конкуренции.

Департаментом вынесены предписания об устранении нарушений.

На сегодняшний день предписания исполнены в полном объеме.

ҚҰТЫРМА АУРУЫ – АСА ҚАУІПТІ ДЕРТ



Құтырма - вирус арқылы таралатын, тез өрбитін қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру, адам баласына өте ерте заманнан таныс болғанымен, әлі күнге дейін ауруды тудыратын қоздырғышқа тікелей әсер ететін емі жоқ.

Дүние жүзінде жыл сайын құтырма ауруынан 40-тан 70 мыңға жуық адам қайтыс болады. Бұл ауруды жұқтыру қаупі, әлі де азаймаған, өйткені вирустың резервуары ондаған түрлі жануарлар.

Құтырма - табиғи ошақты аса қауіпті, өлімге әкелетін ауру. Құтырма - бұл емделмейтін ауру, өлім тыныс алудың салдануынан және жүрек қызметінің төмендеуінен болады. Адам толық санада және қорқынышты азапта өледі. Үй жануарлары ауру жабайы жануарлармен байланыста болғаннан кейін құтырманы жұқтырады. Адамдардың құтырмамен ауруы негізінен ауру жануарлардың тістеуінен және сілекеймен пайда болады. Құтырма қоздырғышының резервуары мен негізгі көздері - жабайы жыртқыштар мен үй жануарлары. Үй жануарлары инфекцияны ауырған жабайы аңдармен жанасу кезінде жұқтырады. Қаңғыбас иттер мен түлкілер адам үшін ең қауіпті болып табылады. Құтырумен ауыратын жануар сау адамды тістеп алғанда немесе осы жануардың сілекейі адамның зақымдалған терісіне түскен кезде вирус ағзаға жұғады. Вирус ағзаға енгеннен кейін жүйке жолдары арқылы таралып

барлық жүйке жасушаларында ісіну, қан кету, дегенерациялық және некротикалық өзгерістер болады. Мойынды, қолды және бетті жануар тістеп алған кезде ауру өте қауіпті.

Құтырма ауруының емі жоқ! Алайда алдын алуға болады. Кез келген жануарлардан жарақат алған адамдардың барлығы құтыруға қарсы антирабикалық вакцина және антирабикалық иммуноглобуллин екпе курсына алуы қажет. Ол үшін тез арада тұрғылықты жері бойынша медициналық көмекке қаралған жөн. Тістеген жарақатты таза сумен және сабынмен жуу керек, жарақат маңын йод тұндырмасымен залалсыздандырып, дәрігерлік көмекке қаралғанға дейін алғашқы көмек дер кезінде көрсетілуі керек. Өрбір адамды өлімнен құтқарудың жалғыз әдісі – құтыруға қарсы екпелеріңіз толық алу қажет. Құтыруға қарсы екпе тегін егіледі! Ит мысық асырау үшін мал дәрігеріне көрсетіп, құтыру ауруына қарсы вакцина ектіру керек.

Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

Адамдарға «Құтыру» ауруына қарсы екпелер тегін жасалады!

Г. ОСПАНОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

1) Ерікті зейнетақы жарналары туралы толығырақ айтып беріңізші.

Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінде жарналардың келесі түрлері аударылады: міндетті (жұмыс беруші жұмыскердің жалақысының 10%-ын ай сайын аударады), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (жұмыс беруші өз есебінен зиянды және қауіпті кәсіп жұмыскерлері кірістерінің 5% мөлшерінде төлейді). Сондай-ақ 2024 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізілді. Бұл жарна 1975 жылы және одан кейін туған барлық жұмысшылар үшін (2024 жылы 1,5% - дан, 2028 жылы біртіндеп 5%-ға дейін) төленеді. Бұған қоса жеке және заңды тұлғалар аударатын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бар. Жеке тұлға өзі және (немесе) жақындары үшін өз табысы есебінен, ал заңды тұлғалар – өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына қаражат салады. Айта кеткен жөн, ЕЗЖ-ны азаматтар өз қалауымен төлейді, мөлшері мен жиілігі дербес белгілейді. Бұл – жарналардың осы түрінің артықшылықтарының бірі.

2) Ерікті зейнетақы жарналарын қалай аударуға болады? Мұны жұмыс беруші жасай ала ма?

Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аударуға болады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен өз пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аударуға болады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) көрсетілген тұлғаның пайдасына аударылады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ – шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде;
- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

3) Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдерді қашан және қалай алуға болады?

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін

Ерікті зейнетақы жарналарын қалай аударып, қашан алуға болады?

зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Елу жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдарға ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу туралы өтінішті БЖЗҚ-ға enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ Қордың кез келген бөлімшесіне барып тапсыру қажет.

ЕЗЖ есебінен төлем алу тәртібі туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер»/«ЕЗЖ есебінен төлемдер» бөлімінде жарияланған.

Барлық жарна түрлері есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

4) Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері қандай жағдайларда автоматты түрде тағайындалады?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және БЖЗҚ-ның зейнетақы қағидаларында айқындалған тәртіп пен талаптарға сай жүргізіледі. 2026 жылғы наурыз айынан бастап елу жасқа толуына немесе мүгедектікке байланысты төлем алу үшін бұрын БЖЗҚ-ға жүгінбеген, бірақ БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындаудың өтінішсіз тәртібі енгізілді.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін (егер бар болса) тағайындаудың өтінішсіз тәртібі:

- зейнеткерлік жасқа толуына байланысты мемлекеттік бюджеттен төленетін зейнетақыны, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (не-



месе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен төлемдерді алу үшін белгіленген тәртіппен Мемлекеттік корпорацияға өтініш білдірген кезде;

• ЕЗЖ есебінен төлемдерді проактивті қызмет шеңберінде жүзеге асыру, бұл ретте жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен жүргізілетін салыстырып тексеру нәтижелері бойынша көрсетілген тұлғалардың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің бар-жоғын анықтау негізге алынады.

Өтінішсіз тәртіп зейнет жасына толған тұлғаларға қатысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында енгізілді. Бұл жаңашылдық ЕЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдерін оңтайландырып, жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен, бірақ елу жасқа толуына немесе мүгедектікке байланысты бұрын БЖЗҚ-ға төлем алу үшін жүгінбеген тұлғалардың ЕЗЖ есебіндегі зейнетақы жинақтарының талап етілмей қалу тәуекелін болдырмайды.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері, егер ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса (2026 жылы – 828 588 теңге (12 × 69 049)), біржолғы тәртіппен жүзеге асырылады немесе міндетті жарналар түрлері есебінен төленетін төлемдермен қатар ай сайынғы

кесте бойынша зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін төленеді. Сонымен қатар, алушы БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен төлемдерді жүзеге асыру шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

5) Ерікті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?

Зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинағы бар адам қайтыс болған

жағдайда, оның зейнетақы жинағы Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Атап айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру өсиет немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған кезде немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда мұрагерлік заң күшіне енеді.

6) Ерікті зейнетақы жарналары инвестицияланады ма? Оларды инвестициялық портфельді басқарушыларға аударуға бола ма?

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десек те, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен тәуекелдің түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50%-ға дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық аударуға болады.

Зейнетақы жинағының бір бөлігін ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі. Оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруге болады. Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны өзгертуге болады, бірақ мұндай мүмкіндік жылына бір рет қана беріледі. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу – ЕЗЖ-ның тағы бір артықшылығы.

Орман өрттерінің алдын алу және профилактикалық іс-шаралар

Орман өрттерінің алдын алу және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру аса маңызды. Орман өрттерінің негізгі себептері. Орман өрттері табиғи және адам әрекетінен туындайды. Табиғи себептерге найзағай түсуі, аптап ыстық пен құрғақшылық жатады. Дегенмен, өрттердің басым бөлігі адамдардың салғырттығынан болады. Мысалы: Орманда сөндірілмеген от қалдыру; Темекі тұқылын тастау; Құрғақ шөпті өртеу; Шыны бетелкелерді қалдыру; Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау.

Орман өрттерінің зияны. Орман өрттері табиғатқа да, адамдарға да үлкен зиян келтіреді. Оның негізгі салдары: Ағаштар мен өсімдіктердің жойылуы; Жануарлардың мекенінен айырылуы; Ауаның ластануы; Топырақ құнарлығының төмендеуі; Адам денсаулығына қауіп төнуі; Экономикалық шығындардың артуы. Кей жағдайларда өрт елді мекендерге жетіп, тұрғындардың өміріне тікелей қауіп төндіреді.

Орман өрттерінің алдын алу шаралары 1. Халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Тұрғындарға өрт қауіпсіздігі туралы ақпарат беру қажет. Мектептерде, колледждерде және қоғамдық орындарда арнайы сабақтар мен кездесулер ұйымдастырылуы тиіс. 2. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Орманда отты тек арнайы рұқсат етілген жерлерде жағып, кетерде толық сөндіру қажет. 3. Орман аумағын бақылау. Өрт қауіп жоғары маусымда орманды тұрақты бақылап, арнайы күзет ұйымдастыру маңызды. Қазіргі кезде дрондар мен бейнебақылау жүйелері тиімді қолданылуда. 4. Өрт сөндіру құралдарын дайындау. Өрт шыққан жағдайда жедел әрекет ету үшін арнайы техника, су қоры және құрал-жабдықтар әрдайым дайын болуы қажет. 5. Құрғақ шөптерді тазалау. Орман маңындағы құрғақ шөптер мен жапырақтарды уақытылы тазарту өрттің таралу қауіпін азайтады. Орман өрттерінің алдын алуда профилактикалық жұмыстардың маңызы зор. Оларға мыналар жатады: Өрт қауіпсіздігі туралы ескерту белгілерін орнату; Орман қызметкерлерін арнайы оқыту; Еріктілер тобын ұйымдастыру; Өрт қауіпті маусымда орманға кіруді шектеу; Жергілікті тұрғындармен бірлескен жұмыстар жүргізу; Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Парк аумағында 2026 жылға 315 км өртке қарсы маңызы бар жолдарды жөндеу, 735 км минералдандырылған жолақтарға күтіп-баптау жұмыстары және өртке қарсы маңызы бар 3 көпір салу жоспарланған, қазіргі кезде жұмыстар жүргізіліп, жалғасуда. Орман өрттері – табиғат пен адамзатқа үлкен қауіп төндіретін күрделі мәселе. Оның алдын алу әр адамның жауапкершілігіне байланысты. Табиғатты қорғап, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау арқылы біз ормандарды сақтап, келешек ұрпаққа таза әрі қауіпсіз қоршаған орта қалдыра аламыз.

Р.НУРГОЖАНОВ,

«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ Табиғатты қорғау және қалпына келтіру бөлімінің орманды қорғау және сақтау инженері.

22 апреля весь мир отмечает Между-народный день Земли — день, когда мы останавливаемся, чтобы задуматься о нашей планете, её хрупкости и о том, как нам всем стоит беречь этот общий дом. В последние годы всё более популярным форматом празднования становятся экологические экскурсии, которые позволяют участникам не просто узнать об экологических проблемах за чтением, но и ощутить единение с природой на маршрутах, посвященных охране окружающей среды.

Так и на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский ГНПП» была проведена экскурсия среди учащихся 9 класса Лепсинской средней школы с ДМЦ по туристскому маршруту № 7 «Лесной питомник». Экскурсия ко Дню Земли — это не просто прогулка по территории лесного питомника - это просветительский и воспитательный формат, который ставит перед участниками три основные задачи: Экологическое образование: участники экскурсии узнали о биоразнообразии местных экосистем, о том, как устроен лесной питомник, о растениях, произрастающих на его территории.

Экскурсия ко дню Земли в рамках природоохранной акции «Марш парков»



Воспитание бережного отношения: живое общение с природой формирует эмоциональную связь, которая мотивирует молодое поколение действовать и защищать окружающую среду. Практические действия: многие экскурсии сочетают теорию с практикой — уборку мусора, посадку

деревьев, восстановление троп, разделение отходов.

Экскурсии на природу ко «Дню Земли» — это форма живого просвещения, которая помогает понять: Земля — это наш общий дом, и каждый из нас может внести свой вклад в его сохранение. Будь то короткий маршрут по селу или путешествие по национальному парку, главное — чувствовать связь с природой и понимать, что защита окружающей среды начинается с каждого из нас.

Р.ВИШНЯКОВА,

инженер экологического просвещения Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

ЯБЛОНЕВЫЙ РАЙ ЖОНГАР-АЛАТАУ: НАСЛЕДИЕ, ПОДАРЕННОЕ ПРИРОДОЙ

История научного изучения яблони Сиверса началась в XVIII веке, когда немецкий натуралист Иоганн Сиверс впервые описал её. Позднее исследования продолжили выдающиеся учёные, среди которых особое место занимает академик Аймак Джангалиев. Его многолетний труд доказал необходимость сохранения яблоневого лесов как важнейшего элемента природного наследия.

Выдающийся учёный Николай Иванович Вавилов, исследуя дикие яблони Тянь-Шаня, отмечал, что казахстанские яблони отличаются крупными плодами и мало чем уступают культурным сортам. Именно здесь, по его мнению, находится центр происхождения культурной яблони. Эти слова в полной мере относятся и к Жонгарскому Алатау.

В горах Жонгарского Алатау яблоня Сиверса образует целые леса, являясь основным представителем пояса горных плодовых насаждений. Эти леса не имеют аналогов в мире и представляют со-

бой уникальный природный и генетический фонд планеты.

Яблоня Сиверса обладает удивительной устойчивостью: она переносит сильные морозы, засуху и жару благодаря глубокой корневой системе. В отличие от культурных сортов, она менее подвержена болезням и способна жить более ста лет.

Особое место среди природных сокровищ парка занимает живая реликвия — яблоня Сиверса возрастом более 310 лет. Это дерево до сих пор плодоносит, что является настоящим природным феноменом, ведь в естественных условиях яблони редко живут дольше 100–150 лет. В отличие от старейших яблонь Европы, Китая и США, высаженных человеком, эта долгожительница выросла в естественной среде, что делает её по-настоящему уникальной.

В целях экологического просвещения населения и развития туризма на территории Жонгар-Алатауского государствен-

Понятие коррупции и ответственность за получения и дачу взятки

Коррупция является одной из наиболее серьёзных угроз развитию государства, подрывающих доверие общества к органам власти, государственным учреждениям и закону. В современных условиях борьба с коррупцией определена одним из приоритетных направлений государственной политики Республики Казахстан.

Я считаю важным отметить, что охрана природных ресурсов, обеспечение экологической безопасности и сохранение национального достояния страны должны осуществляться на принципах законности, честности и прозрачности. Каждый государственный служащий и работник природоохранной сферы обязан соблюдать нормы антикоррупционного законодательства и служебной этики.

Под коррупцией понимается незаконное использование должностными лицами своих полномочий и служебного положения в целях получения личной выгоды, имущественных благ или преимуществ. Одними из наиболее распространённых коррупционных правонарушений являются получение и дача взятки.

Законодательством Республики Казахстан за данные деяния предусмотрена строгая уголовная ответственность. В зависимости от тяжести совершённого преступления виновным лицам могут назначаться крупные штрафы, ограничение свободы, лишение свободы на длительные сроки, а также пожизненное лишение права занимать должности на государственной службе.

В системе особо охраняемых природных территорий недопустимы любые проявления коррупции. Национальные парки Республики Казахстан являются достоянием народа, а потому каждый сотрудник обязан действовать исключительно в рамках закона, обеспечивая открытость, добросовестность и справедливость при исполнении своих служебных обязанностей.

Важно понимать, что борьба с коррупцией — это не только задача государственных органов, но и каждого из нас. Мы должны быть бдительными и не оставаться равнодушными к нарушениям. Каждый из нас может внести свой вклад в создание прозрачной и честной системы управления природными ресурсами. Это требует от нас смелости и готовности отстаивать свои принципы.

В нашем «Жонгар Алатауском» национальном парке мы стремимся к максимальной открытости и прозрачности. Мы активно внедряем современные технологии для мониторинга состояния экосистем и использования бюджетных средств. Мы работаем над тем, чтобы каждый гражданин мог видеть, как расходуются средства, выделенные на охрану природы. Это не только повышает уровень доверия, но и создает условия для активного участия общества в охране окружающей среды.

Я призываю всех вас, уважаемые коллеги и друзья, объединиться в борьбе с коррупцией. Давайте вместе создавать общество, в котором честность и открытость станут нормой. Давайте защищать нашу природу и обеспечивать будущее для следующих поколений. Коррупция — это плохое явление, и только вместе мы можем его преодолеть.

Р.БУРУНГАЗОВ,

директор Лепсинского Филиала РГУ «Жонгар Алатауского» ГНПП.

Орманды жанама пайдалану түрлері

Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Алакөл филиалы табиғи байлықтарды сақтап, оларды ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөледі. Соның ішінде орманды жанама пайдалану жұмыстары табиғатқа зиян келтірмей, халық игілігіне жаратуға бағытталған.

Орманды жанама пайдаланудың негізгі түрлеріне рұқсат беру арқылы дәрілік қасиеттері бар өсімдіктерді жинау мысалы долана, шөйкеурай, итмұрын сияқты өсімдіктер халық медицинасында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар омарта шаруашылығы, мал жаю және туристік рекреациялық пайдалану демалыс сауықтыру түрлері жатады. Орманды жанама пайдалану табиғатты қорғау мен қатар экономикалық пайда табуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл орман ресурстарын сарқылтпай ұзақ мерзімді реттелмелі пайдалануға табиғи қалпын сақтауға жағдай жасайды.

Алакөл филиалында орманды жанама пайдаланудың мал жайылысына арналған түрі кеңінен қолданылады. Филиал бойынша теңіз деңгейінен 2500 м биіктікке дейінгі таулы аймақтар пайдаланылады. Жамантас, Кепелі, Аршалы және Сегізбай шатқалдарындағы жайылымдық жердің қазіргі уақыттағы жалпы көлемі 37577 га құрайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақта орманды жанама пайдалану кезінде тек орман билетінде көрсетілген бағыт бойынша ғана рұқсат беріледі. Мысалы: жайылым болса тек мал жаю, шөп шабу, омарта ұстау, дәрілік өсімдіктер жинау деген сияқты. Табиғатты қорғап аялап сақтау әрбір адамзаттың борышы. Сонымен қатар ұлттық парк қызметкерлері жергілікті тұрғындармен келушілерге түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, орман байлығын ұқыпты пайдаланудың маңыздылығын насихаттайды.

Орманды жанама пайдалану барысында табиғатты қорғау талаптарын сақтау өте маңызды. Өсімдіктерді бейберекет жұлға, жануарларға зиян келтіруге, қоқыс тастауға болмайды. Әр адам табиғатқа жанашырлықпен қарап, келер ұрпаққа таза күйінде жеткізуге үлес қосуы қажет.

А.АБИЛГАПАРОВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалының табиғат пайдалану инженері.



Орман – жердің көркі

Соңғы жылдары еліміз түгіл, бүкіл дүниежүзі бойынша орман алқаптарының аумағы қысқарып, ағаштар адам тұрмысы үшін ірі көлемде пайдалануы алаңдатарлық жайт.

«Адамның табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ», демекші табиғаттың бір бөлшегі болып табылатын орман да

шексіз емес. Мұнын сыртында өнеркәсіптік игеруді айтпағанда жасыл желлек ағаштарға өрттің де қауіпі орасан зор екендігі даусыз. Ормандағы өрт табиғи жолмен қатар адамдардың кесірінен пайда болады. Мұның сыры табиғат баурайында демалып тынығуға шыққан кей азаматтар қауіпсіздік ережелерін сақтамай және де шөп шабу, бидай, арпа науқандарында да өрт шығып жатады. Бұл жүйеде сол орманды мекендейтін аңқұстар мен түрлі тіршілік иелері де осы өрттің зардабын тартады. Құмдардың көшіп жүруіне орман ағаштары тосқауыл болып пайдаланып тигізуде. Сондай ағаштар сексеуіл, жыңғыл, ешкі тал сияқты орман қорларын сақтау аса маңызды. Сондықтан еліміздің

фаунасын келер ұрпаққа мұрагер ретінде қалдыруымыз үшін орманға серуенге шыққанда өрт қауіпсіздік ережесін мүлтіксіз орындағанымыз жөн. Жалпы ормандағы өрт көбіне көктемнің соңында және мына осы жаз аяғы, күздің қыркүйек қазан айларында көп тіркеледі. Құраған шөпке түскен темекі тұқылы алып

Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі.

Біз қоғамда қоршаған ортаны қорғаудың маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек. Халықты экологиялық факторлардың жағымсыз әсерінен сақтау қажет. Бизнес өкілдері табиғатты қорғау ісіне зор жауапкершілікпен қарауы керек.

Бұл салаға озық технологияларды кеңінен енгізу жұмысын жалғастыру қажет. Табиғатты ластайтын қалдықтарға мониторинг жасайтын озық жүйе ойдағыдай жұмыс істеуге тиіс.

Қазақстанның бірегей жануарлар және өсімдіктер әлемін сақтау мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек. Мемлекет алдағы уақытта да кең байтақ даламызды және орманымызды өрттен қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды. Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда орман-тоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың әр алуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де өте маңызды. Орман-тоғайды көбейту бүкіл елді жұмылдыратын нағыз халықтық идеяға айналуы керек. Сондықтан ел ішінде ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн

Қ.ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке тартылатынын да естеріңізге салады!

Е. АЙТЖАНОВ,
Бөрлітебе ОШКММ-нің Көкжиде орманшылығының орманшысы.

Орман шаруашылығындағы маусымдық жұмыстар

Көктем мезгілінде орманшылар үшін ең жауапты кезең басталады. Бұл уақытта ағаш көшеттері отырғызылып, орманды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады. Құраған шөптер тазартылып, минералды жолақтар жасалады. Көктемде жануарлар мен құстардың тіршілігі жанданып, табиғат ерекше құлпырады.

Жаз айларында орман өртінің алдын алу негізгі міндеттердің бірі болады. Ауа райының ыстық болуына байланысты өрт қауіпі күшейеді. Орман қызметкерлері күнделікті бақылау жүргізіп, халық арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады. Сонымен бірге орманды зиянкестерден қорғау, ағаштардың жағдайын бақылау жұмыстары атқарылады. Күз мезгілінде орман тұқымдары жиналып, келесі жылғы көшет отырғызу жұмыстарына дайындық жасалады. Құраған ағаштар тазартылып, орман алқаптары ретке келтіріледі. Бұл кезең табиғатты қыс маусымына дайындау уақыты болып есептеледі.

Қыс кезінде орманшылар жануарлардың тіршілігін бақылап, аң-құстарды қорғау жұмыстарын жалғастырады. Қар қалың түскен кезде жабайы жануарларға жем-шөп беру де маңызды жұмыстардың бірі. Сонымен қатар техника мен құрал-жабдықтар жөндеуден өткізіліп, жаңа маусымға дайындық жасалады.

Ш.АБИЛГАПАРОВ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалының Көкжар орманшылығының орман шебері.

Это хроническое заболевание которое характеризуется подъемом артериального давления выше нормы. По данным НИИ Кардиологии принято считать повышение АД 129/90 мм рт ст и выше.

Какие симптомы артериального давления - это головная боль, периодические головокружение, шум в ушах, сердцебиение, одышка, боли за грудиной. Артериальная гипертония грозное заболевание которое вызывает в организме человека изменения который приводит к инфаркту миокарда и инсульт головного мозга деп и почечной недостаточности ХПН. Артериальная гипертония молчаливый убийца почек т.е. приводящее первичносморщенная почка и к почечной недостаточности. Иногда пациенты не обращают на те симптомы и не обращаются к врачу и не измеряют ар-

Артериальная гипертония



териальное давление. Необходимо хотя бы 2 раза в год обращаться в свою прикрепленную поликлинику к врачу и из-

•101 ескертеді

Дала жұмыстарындағы өрт қауіпсіздігі

Әр адам астық себу, оны өңдеу және нәтижесінде егін жинау үшін қандай жұмыс істеу керектігін біледі.

Егер өрт қауіпсіздігі ережелеріне тиісті назар аудармасаңыз, онда еңбек нәтижелері санаулы минуттарда отпен жойылуы мүмкін.

Жыл сайын егін жинау кезеңінде ауыл шаруашылығы өндірісі объектілерінде өрттер орын алады және олар көбінесе ірі жемшөптерді дайындау және сақтау, дөңді дақылдарды жинау және өңдеу орындарында орын алады.

Егін жинаумен айналысатын барлық қызметкерлер міндетті түрде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы қажет.

Өріске шығар алдында: комбайн механизмдерін көзбен шолып, қарап, тексеру, мойынтіректерді майлауға, жұдырық механизмдері мен белдіктерінің жарамдылығына, тасымалдағыштың тартылуына, аккумулятор клеммаларын қорғауға, қозғалтқыштың қорғаныс экранының жарамдылығына, механикалық зақымдануы мүмкін орындардағы сымдар учаскелеріне назар аудару қажет. Комбайн алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, шанстық құралдармен және ұшқын сөндіргішпен жабдықталуы тиіс.

Жұмыс барысында қажет: - комбайнның корпусын және транспортерлердің біліктерін, басқа да тез қозғалатын механизмдерді оралған сабан массасынан, шаң қалдықтары мен шаңнан тазартуды жүргізу; - жетек белдіктері мен тізбектерінің керілуін, сондай-ақ қорғаныс қоршауларының сенімділігін тексеру және реттеу; - астық алқаптарында ықтимал тұтануды анықтау үшін комбайнның ізіне бақылау жүргізу.

Ұзақ жөндеу кезінде: комбайнды астық массивінен кемінде 30 метр қашықтыққа шығару немесе кемінде 4 метр жолақпен жырту қажет.

Астық алқаптарында тыйым салынады: - темекі шегу;- дәнекерлеу және басқа да от жұмыстарын жүргізу; - сабанды, шаң қалдықтарын, шөпті өртеуге; - от жағу.

Кептіру мен тазартудың технологиялық процестері үлкен өрт қауіпі болып табылады. Өрттің жиі кездесетін себебі-кептіргіштерде салқындатқыштың температурасы жоғарылаған кезде кептіру режимін сақтамау. Астықты кептіру және өңдеу кезінде өрттің алдын алу үшін ауаны жылыту температурасын қатаң бақылау қажет.

Өрт шыққан жағдайда 101 немесе 112 телефонына қоңырау шалыңыз.

Е.ҚУАНЫШҰЛЫ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау капитаны.

Қысқа тұйықталу

«Қысқа тұйықталу» - бұл әр түрлі қуатты әлеуеті бар бір, екі немесе одан да көп өткізгіштердің бір-бірімен тұйықталуы. Тұрмыстық аспаптармен мысал келтіруге болады: фазалық өткізгішті токөткізгіш қаңқаға тиіп кеткен кезде электрқалқанында қорғаныс ажыратқышы бірден іске қосылуы қажет – тығын істен шығады немесе автоматты ажыратқыш іске қосылады. «Қысқа тұйықталу» автоматтық қорғаныс құралдары жарамсыз кезінде өте қауіпті болады. Егер үй иесі электр желісіндегі жүктемені мыс немесе метал өткізгіштері көмегімен жоғарылатқысы келсе, ол өз үйіне өз қолымен өрт салу қауіпін туындатады. Бүгінгі күні электр желісіне күш түскен кезде ажыратылып қалған тоқты қайта қосу үшін арнайы басқышты баса салуға болады, ол үшін автоматтар (ПАР-10, ПАР-16, ПАР -25 типті автоматтар) қолданылады. Олар пәтердің электржелісіне арналып жасалған барынша ток қуаты жүктемесі 25 Амперден аспайтынын айта кеткен жөн. Ескі пәтерлер тоғына 16 Амперден аспайтын автоматты пайдалану ұсынылады. Десек те тығындардың автоматпен салыстырғанда сенімділігі төмен. Пәтерлер немесе үйлердегі «қысқа тұйықталу» түрлі жағдайда орын алуы мүмкін. «Қысқа тұйықталуға» әкеп соқтыратын басты себептердің бірі электр сымдарының орауыштарының еріп кетуі. Көбінесе ондай орындар розеткалар, вилкалар немесе таратушы қораптарда (жалғанған жерлерде) болады. Басты себебі – осы жерлердегі сымның осал жалғануы. Осындай жалғанудың салдарынан күш түскен кезде сымның сырты еріп, ток өткізгіш сымды жалаңаштап тастайды. Бұл жалғанулардың жақсы немесе жаманына өздеріңіз қарап, көз жеткізулеріңізге болады. Соңғы нұсқасында сым орауыштың сыртқы түсі қара-қоңыр болып, токтың күші түскен уақытта сым орауыштың күйген жағымсыз иісін сезесіз. Сонымен бірге розетканың немесе вилканың пластмасса қорабын қолмен ұстап көруге болады. Егер қолға қызғаны білінсе, онда жалғама жерлердің ақаулығы бар екенін көрсетеді, сондықтан кеш болмай тұрғанда шара қолдану керек.

РАХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

зическая активность, ходьба с постепенным увеличением количества шагов от 6000,0-12000 шагов в день по мере появления одышки и ежедневно постепенно увеличивать шаги.

Соблюдение диеты с ограничением жирной пищи, ограничение соли, ограничение легкоусвояемых кондитерских изделий. Помните сахар для организма не имеет никакой пользы, использовать сахар в ограниченном количестве, отказаться от курения и энергетических напитков.

Обращаться к врачу в свою поликлинику участвовать в скрининговом обследовании поликлиники по месту жительства.

С. ТУЛЕГЕНОВА,
врач терапевт ЦРБ Сарканского района.

Кәсіпкерлер назарына!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ

Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат.

Байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92, 8 708 270 41 29

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2026 жылдың «1» маусым бастап 2026 жылдың «15» маусымға дейін

Өтінім берудің басталу күні: 2026 жылдың «1» маусым

Өтінім берудің аяқталу күні: 2026 жылдың «15» маусым

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдар;

- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналар және басқа да заңды өкілдер;

- зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);

- балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім ба-

лалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;

- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;

- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарла-рын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;

- коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер.бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;

- әлеуметтік оқыту біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса ала-сыз.

Вниманию предпринимателей!

Объявление о приеме документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

Организатор: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу».

Местонахождение: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж.

Контактный телефон: 8 (7282) 32-93-92, 8 708 270 41 29

Предмет приема заявок: Включение индивидуальных предпринимателей и юри-дических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140.

Место подачи заявок для включения в реестр: г. Талдықорған, ул. Кабанбай ба-тыра 26, 1 этаж, кабинет 108.

Сроки подачи заявок: с «1» июня 2026 года по «15» июня 2026 года.

Дата начала подачи заявок: «1» июня 2026 г.

Дата окончания подачи заявок: «15» июня 2026 г.

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не под-лежат.

В реестр социального предпринимательства могут претендовать на включе-ние предприниматели, относящиеся к следующей категории:

1 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие за-нятости социально уязвимых слоев населения;

- лица с инвалидностью;

- родители и иные законные представители, воспитывающие ребенка с инвалид-ностью;

- пенсионеры и граждане предпенсионного возраста (в течение пяти лет до насту-пления возраста, дающего право на пенсионные выплаты по возрасту);

- воспитанники и выпускники организаций образования для детей сирот и детей,

оставшихся без попечения родителей, в возрасте от шестнадцати до двадцати трех лет;

- лица, освобожденные от отбывания наказания из учреждений уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, – в течение шестидесяти месяцев после освобождения;

- лица, отбывающие наказание в учреждениях уголовно-исполнительной (пенитен-циарной) системы и состоящие на учете в службе пробации;

- лица без определенного места жительства;

- родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные под-весками "Алтын алқа", "Күміс алқа" или получившие ранее звание "Мать-героиня", а также награжденные орденами "Материнская слава" I и II степени;

- лица, прошедшие медико-социальную реабилитацию наркологических больных или лечение зависимости от психоактивных веществ, – в течение двенадцати месяцев после проведения реабилитации или лечения;

- кандасы;

2 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие реа-лизации товаров, выполнению работ, предоставлению услуг социально уязвимых сло-ев населения из первой категории;

3 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие дея-тельность по производству товаров, выполнению работ, предоставлению услуг пред-назначенных для социально уязвимых слоев населения из первой категории в соот-ветствии со следующими видами деятельности:

- по оказанию социально-бытовых услуг, направленных на поддержание жизнедея-тельности в быту;

- по оказанию социально-медицинских услуг, направленных на поддержание и со-хранение здоровья путем организации ухода, оказания содействия в проведении оздо-ровительных мероприятий, систематического наблюдения для выявления изменения состояния здоровья граждан;

- по оказанию социально-психологических услуг, предусматривающих оказание по-мощи в коррекции психологического состояния для адаптации в социальной среде;

- по оказанию социально-педагогических услуг, направленных на профилактику от-клонений в поведении;

- по оказанию социально-трудовых услуг, направленных на оказание помощи в тру-доустройстве и решении иных проблем, связанных с трудовой адаптацией;

- по оказанию услуг, предусматривающих повышение коммуникативного потенциа-ла, реабилитацию и социальную адаптацию, услуг по социальному сопровождению;

- по производству и (или) реализации медицинской техники, протезно-

ортопедических средств, программного обеспечения в области цифрового здравооо-хранения, а также технических средств, которые могут быть использованы исключи-тельно для профилактики заболеваний, реабилитации лиц с инвалидностью, в том числе медицинской реабилитации детей с инвалидностью;

- по организации отдыха и оздоровления лиц с инвалидностью и пенсионеров;

- по реализации образовательных программ дополнительного образования;

- по созданию условий для лиц с инвалидностью и маломобильных групп населе-ния по обеспечению доступа к объектам социальной, транспортной и рекреационной

инфраструктуры, использованию транспортных средств, оказанию универсальных услуг связи при предоставлении информации;

4 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие ра-боту в следующих видах деятельности:

- по оказанию психолого-педагогических и иных услуг, направленных на укрепление семьи, обеспечение семейного воспитания детей и поддержку материнства и детства;

- по организации отдыха и оздоровления детей;

- по реализации общеобразовательных учебных программ дошкольного воспита-ния и обучения, начального, основного среднего, общего среднего образования, об-разовательных программ технического и профессионального образования;

- по оказанию психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными воз-можностями, медицинской и социальной помощи обучающимся и воспитанникам, ис-пытывающим трудности в освоении учебных программ основного среднего и общего среднего образования, развитии и социальной адаптации;

- по обучению работников и добровольцев (волонтеров) социально ориентирован-ных некоммерческих организаций, направленному на повышение качества предостав-ления услуг такими организациями;

- культурно-просветительская (в том числе деятельность частных музеев, театров, библиотек, архивов, школ-студий, творческих мастерских, ботанических и зоологиче-ских садов, домов культуры, домов народного творчества);

- по охране окружающей среды;

- по оказанию социально уязвимым слоям населения, гериатрической и геронтоло-гической помощи, организации центров здоровья и долголетия, мероприятий по веде-нию здорового образа жизни.

С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управле-ния предпринимательств и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru>.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ - БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Жаз мезгілі – балалар үшін асыға күтетін көңілді демалыс кезеңі. Мектептегі оқу аяқталып, оқушылар таза ауада серуендеп, лагерьлерге барып, уақыттарын еркін өткізеді. Алайда осы уақытта балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу аса маңызды. Себебі жаз айларында түрлі оқыс оқиғалар мен жарақат алу жағдайлары жиі кездеседі.

Балалардың су айдындарында шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауы – басты талаптардың бірі. Үлкендердің қарауынсыз өзен-көлдерге бару, рұқсат етілмеген жерлерде суға түсу қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар балаларына судағы қауіпсіздік қағидаларын түсіндіріп, оларды бақылаусыз қалдырмауы қажет.

Сонымен қатар жол қозғалысы ережелерін сақтау да маңызды. Жазда балалар велосипед, самокат теуіп, көшеде көп жүреді. Осы кезде жолдан дұрыс өту, бағдаршам талаптарын орындау, қорғаныш құралдарын пайдалану – қауіптің алдын алады.

Күннің ыстығында күн өтіп кетуден сақтану, өрт қауіпсіздігін сақтау, бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста абай болу да ата-аналар мен ұстаздардың назарынан тыс қалмауы тиіс. Әсіресе интернеттегі қауіпсіздік мәселесі де маңызды болып отыр. Сондай-ақ терең қауіпсіздігін сақтау; Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу; Нашарлық пен зиянды әдеттерге жол бермеу; Лудоманияның қауіптілігін түсіндіру; Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы болу сынды мәселелер де маңызды.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, пайдалы үйірмелер мен спорттық шараларға қатыстыру олардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне оң әсер етеді.

Баланың амандығы – қоғамның басты байлығы. Сондықтан жазғы демалыс кезінде әрбір ата-ана, мұғалім және жауапты мекемелер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бірлесе атсалысуы қажет.

Өз тілшіміз.

Меншік иелерінің назарына!

«Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Екіаша ауылдық округі бойынша меншік иесінің жер учаскелері тіркеуден өтпегенін хабарлайды. Атап айтқанда, Әбеуов Серікқалиға тиесілі жер учаскелері бойынша тіркеу жұмыстары жүргізілмеген. Сонымен қатар, қайтыс болған Мерекенов Жанаттың жер учаскелеріне қатысты мұрагерлік құқықты рәсімдеу қажеттігін хабарлаймыз. Осыған байланысты, заңды мұрагерлерінен белгіленген тәртіппен тиісті құжаттарды рәсімдеу сұралады.

Екіаша ауылдық округі әкімдігі.

«Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Черкасск ауылдық округі бойынша меншік иесінің жер учаскелері тіркеуден өтпегенін хабарлайды. Атап айтқанда, Сейсембеков Адилханға тиесілі жер учаскелері бойынша тіркеу жұмыстары жүргізілмеген. Сонымен қатар, қайтыс болған Нусупов Султанның жер учаскелеріне қатысты мұрагерлік құқықты рәсімдеу қажеттігін хабарлаймыз. Осыған байланысты, заңды мұрагерлерінен белгіленген тәртіппен тиісті құжаттарды рәсімдеу сұралады.

Черкасск ауылдық округі әкімдігі.

«Сарқан ауданы, Лепсі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Лепсі ауылдық округі бойынша қайтыс болған және тіркеуден өтпеген жер учаскелерін түгендей келе, Аубакиров Асанға тиесілі 500 гектар жер учаскесін тіркеуден өткізіп құжаттарын рәсімдеу қажеттігін хабарлаймыз.

Лепсі ауылдық округі әкімдігі.

«Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Көктерек ауылдық округі бойынша қайтыс болған меншік иелері жер учаскелерін мұрагерлікпен аударуларын хабарлайды. Атап айтқанда, қайтыс болған Онгарбаева Фатима, Аугамбаев Аманжол, Кадиров Махмуджанның жер учаскелеріне қатысты мұрагерлік құқықты рәсімдеу қажеттігін хабарлаймыз. Осыған байланысты, заңды мұрагерлерінен белгіленген тәртіппен тиісті құжаттарды рәсімдеу сұралады.

Көктерек ауылдық округі әкімдігі.

Жарқын ізі жалғансын

Осыдан он бес жыл бұрын дүниеден озған Амангелді Сапаұлы Ахметқалиевты қатарластары, туған - туыстары ұмытпайды. Тірлігінде аудан, қала әкімдігінде жауапты қызметтер атқарып, ел есінде жақсылыққа ұмтылысымен қалған, жақсы істердің жанашыры болған азаматты еске алу шаралары кейінгі буын үшін қажет. Маусымның 6 - сында аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде волейболдан Амангелді Сапаұлы Ахметқалиевты еске алу турнирі өтеді. Балалары өке аруағына бағыштап құран оқытып, ас береді. Соңында жарқын ізі қалған марқұмның ізгі жолы жалғана берсін!!!



Оза бір шапқан салғаннан,
Жаралған жан ең арманнан.
Он бес жыл бұрын қапыда,
Өтіп ең фәни жалғаннан.
Тәңірдің келіп жарлығы,
Соңында қызың, қалды ұлың.
Есінде қалды ел - жұрттың,
Азаматтығың, нарлығың.
Артында туыс - бауыр бар,
Ниеттес ел - жұрт, қауым бар.
Балаңа бағыт нұсқайтын,
Отыңды жаққан жарың бар.
Шындықтың болмас бүкпесі,
Ажалдың анық күтпесі.

Бұл өмір деген өлең ғой,
Қойылмай қалған нүктесі.
Сындырмай қоймас дертіндей,
Жете алмай кеткен сертіндей.
Бұл өмір деген домбыра,
Қалатын бір күн шертілмей.
Еліктіретін қиясы,
Арманның ыстық ұясы.
Бұл өмір деген қаламың,
Соңғы рет тамған сиясы!
Өмірден үлес алғансың,
Есінде елдің қалғансың.
Көгеріп - көктеп ұрпағың,
Қалдырған ізің жалғансын!

Еске алушылар: балалары, туған - туыстары.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Талдықорған қаласының тұрғыны Раушан Раймкулованы 2 маусым күні 75 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз. Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз — әулетіміздің ақылшысы, отбасының берекесі мен тірегісіз. Сіздің мейіріміңіз бен қамқорлығыңыз, даналығыңыз бен сабырлылығыңыз баршамызға үлгі.

Алтын алқа иегеріне осы мерейлі жасыңызда зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығы мен мол бақыт тілейміз. Балаларыңыз бен немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, әрдайым қуаныш пен құрметке бөлене беріңіз. Шаңырағыңыздан шаттық кетпесін, дастарханыңыз әрқашан берекеге толы болсын!

Ақ жаулықты аяулымыз, асыл ана,
Шуағыңыз тарайды әрбір жанға.
Жетпіс бестің белесіне шығып бүгін,
Қуаныш пен бақыт қонсын шаңыраққа.
Мейіріміңіз — жүректерге жылу болған,
Ақылыңыз — өмір жолын нұрға толған.
Немере мен шөберенің ортасында,
Бақыт құсы әрдайым қонсын қолдан!



Ізгі тілекпен: күйеубаласы Исатай, қызы Гүлжан, жиен немересі Айару.



Туылған күн – әр адам үшін ерекше күн. 28 мамыр күні, ағайынға қамқор, бауырға мейірімді, досқа жайсаң да жайдарлы құрбымыз, досымыз Қойбағарова Айбала (Валентина) Макеевнаны, мерейлі 60-жас туылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Айбала, 60 жас- ол өміріңіздегі тағы бір белес. Осы белес Сізге тек жас қосып қана қоймай, даналық, тәжірибе және терең түсінік әкелсін. Өмірде бар нәрсеге шүкір етіп, жоқ нәрсеге сабыр ете білетін парасат иесі болыңыз. Жүрегіңіз ауырмай, көңіліңіз құлазып қалмай, әрдайым үміт пен сенімге толы болсын. Алдағы өміріңізде сырт көзге көрінбейтін, бірақ жүрекке жылу беретін тыныш бақыт тілейміз. Өміріңізде асығыс емес, мағыналы қадамдар көп болсын. Әрбір істеген ісіңіз өз жемісін беріп, еңбегіңіз еленіп, ниетіңізге қарай жақсылық қайтсын. Өзіңізге әлемдегі бар жақсылықты, дүниенің шуағын, өмірдің жырын, жүрегіңізге Алланың нұрын тілейміз. Алла жолыңызды ақ, көңіліңізді асқақ, жүрегіңізді уайымсыз, арманыңызды айқын, мақсатыңызды анық етсін.

Берекелі отбасы мен адам айтса нанғысыз табыстарға жетуіңізге тілектеспіз! Ең бастысы, әрдайым жаныңыздан табылып, қуанышыңыз бен қайғыңызды бөлісуге дайын достарыңыз бар екенін біліңіз!

Өзіңе деген ізгі тілекпен: достарың.

БАСПАСӨЗ - 2026

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе SARQAN газетіне екінші жарты жылдыққа жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Жеке
жазылушылар
үшін индексі
15202,
жарты жылдық
бағасы -
3086 теңге.

Мекеме-ұйымдар
үшін индексі
15202,
жарты жылдық
бағасы -
3586 теңге.

Зейнеткерлер
үшін индексі
35202,
жарты жылдық
бағасы -
2586 теңге.

ХАБАРЛАНДЫРУ

●Жалмендин Бекболатұлының атына Алматы облыстық Полиция департаментінен 08.06.2020 жылы берілген «В, С» категориялы ВХ 050702 нөмірлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●Хасенов Ерлан Панашовичтың атына ҚР ІІМ-нен 29.10.2024 жылы берілген 058097613 нөмірлі жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.